

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы

ӘБДІҚАППАР ОРАЛХАН ПЕРНЕБАЙҰЛЫ

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер үшін
әкімшілік жауаптылықтың зекті мәселелері

«7М04203-Құқықтану» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша заңтану магистрі дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
Жоғарғы оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының директоры,
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі
С.М. Сапаралиева

Қосшы қ., 2022 жыл

Түйіндеме

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады, көлемі 108 беттен тұрады.

Жұмысты дайындау барысында отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында орын алатын құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық база зерделенді, практикалық материалдар қаралды, кейбір шет елдердің тәжірибесіне талдау жүргізілді, кеңес кезеңіндегі ғалымдардың, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша отандық заңнама нормаларын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар жасалды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жаңа толықтырулар енгізу қажеттілігі негізделді.

Резюме

Диссертационная работа состоит из введения, двух глав, заключения, списка использованной литературы, объемом 108 страниц.

В ходе подготовки работы изучена нормативно-правовая база по вопросам противодействия правонарушениям, совершаемым в сфере семейных бытовых отношений, рассмотрены практические материалы, проведен анализ опыта некоторых зарубежных стран, изучены научные труды ученых советского периода, казахстанских и зарубежных ученых. По результатам исследования были выработаны конкретные предложения по совершенствованию норм отечественного законодательства, обоснована необходимость внесения новых дополнений в Кодекс об административных правонарушениях.

Summary

The dissertation work consists of an introduction, two chapters, a conclusion, a list of references, with a volume of 111 pages.

During the preparation of the work, the regulatory framework on countering offenses committed in the sphere of family and domestic relations was studied, practical materials were considered, the experience of some foreign countries was analyzed, scientific works of scientists of the Soviet period, Kazakh and foreign scientists were studied. Based on the results of the study, specific proposals were developed to improve the norms of domestic legislation, the need for new additions to the Code of Administrative Offenses was justified.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ОТБАСЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРСАЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	
1.1 Отбасылық - тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауаптылықтың даму тарихы.....	14
1.2 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесудің әкімшілік-құқықтық құралдары ұғымы және олардың сыныптамасы.....	32
1.3 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесудегі шетелдік тәжірибе.....	43
2 ОТБАСЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАҒЫ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
2.1 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың саралау белгілері.....	52
2.2 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырудың мәселелері.....	73
2.3 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау мәселелері.....	85
ҚОРЫТЫНДЫ.....	99
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	104

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасының

ӘҚБтК – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

ҚСЖАЕК – Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет

ІМ – Ішкі істер министрлігі

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

КСРО – Кеңестік Социалистік Республика Одағы

БП – Бас Прокуратура

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

РФ – Ресей Федерациясы

ҚК – Қылмыстық кодексі

СДТБТ – Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімі

ІМ – Ішкі істер министрлігі

ӘЗЗҚБ – Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімше

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Конституцияның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде санайды, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатал немесе адамның намысын қорлайтын әрекеттерге жол берілмейді, сондай-ақ Конституцияның 27-бабында неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болатындығы айқындалған [1].

Алайда, қоғамда көптеген құқық бұзушылықтар, соның ішінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар жасалады. Бұл құқық бұзушылықтар балалар зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасы мүшелеріне ғана емес, сонымен бірге басқа да туыстарға, сондай-ақ олармен бірге тұратын жақын адамдарға да қатысты жасалады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жаңа дәуірге гендерлік, жас ерекшелігі немесе қандай да бір басқа белгілері бойынша кемсітушілік жасалмай кедергісіз еруге тиіс екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Сонымен қатар «Қазақстан – 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында»: отбасылардағы әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуіне байланысты жағдай мені алаңдатады. Әйелге құрмет болуы керек. Мұндай зорлық-зомбылықты қатаң түрде тоқтату керек екендігін айтқан болатын [2].

Қазақстанда гендерлік саясат саласындағы негізгі заңнамалық акт 2009 жылы қабылданған «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Сондай-ақ 2006 жылға дейінгі гендерлік саясат тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы қабылданып, іске асырылды, олар

гендерлік теңдік мүддесінде ұлттық заңнаманы құру және жетілдіру бойынша одан әрі қадамдар жасауға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік отбасылық саясат Қазақстанның әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және отбасының өмір сүру жағдайын жақсартуға және сапасын арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету қағидаттарының, бағалауларының және шараларының жүйесін білдіреді. 2007 жылы ӘҚБтК толықтырулардың енгізілуімен 79-5-бап. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер бойынша жауаптылықпен толықтырылды. Сонымен қатар 2009 жылдың 4 желтоқсанында Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заң қабылданды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы іске асырылуда [3]. Осы Жарлықты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары да бекітілген.

Қалыптасқан жағдайда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларды болдырмау мәселелері ерекше мәнге ие. Сонымен бірге, әкімшілік құқықтың көптеген институттарын реформалау мен қайта құрудың қазіргі жағдайында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту мәселелері практикалық және теориялық маңызды мәнге ие.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту кезінде туындайтын осы және басқа да көптеген проблемалар таңдалған зерттеу тақырыбының практикалық маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді.

Әкімшілік құқық саласында көрсетілген мәселелердің ғылыми даму дәрежесі әлі де болса зерттеуді талап етеді. Құқық қорғау органдарының

лауазымды тұлғаларының әкімшілік мәжбүрлеуді қолдану мәселесі әр түрлі авторлардың зерттеу тақырыбына айналды: С.С.Алексеев, Д.Бахрах, Б.А. Жетпісбаев, М.Ж.Жұмағұлов, Н.Ибрагимов, Б.И.Пугинский.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы құқық қолдану практикасының проблемаларын өз жұмыстарында мынадай авторлар қарастырды: Н.М.Ахметкалиева, А.Е.Дюсенова, А.С. Куатова, С.В.Корнейчук, А.В.Малько, С.М. Сапаралиева, И.Л.Федчук және т. б.

Алайда, әкімшілік мәжбүрлеуді қарастыратын жұмыстардың көптігіне, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартуына қарамастан, әкімшілік мәжбүрлеуге, әкімшілік жауапкершілікке, сондай-ақ отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге қатысты кейбір мәселелер толық зерттелмеген күйінде қалып отырғанын атап өткен жөн.

Шешілетін ғылыми және практикалық мәселенің қазіргі жағдайын бағалау. Қазіргі таңда отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы жасалатын әрекеттер қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. ҚР ӘҚБтК 73- бабы «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» үшін 2021 жылы 21711 адам жауаптылыққа тартылып үлгерген және бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 12% артқан.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіш отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет етуші адамдарға байланысты қазіргі таңда тағайындалатын жауаптылықты жетілдіру жіне алдын алу шараларын күшейту керек екендігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты жетілдіру мен алдын алу және жолын кесудің әкімшілік-құқықтық құралдарын жетілдіру бойынша ғылыми-теориялық ережелер мен тұжырымдарды әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесудегі тарихын және шетел тәжірибесін зерттеу;
- Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылықтардың саралау белгілерін талдау;
- Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырудың мәселелерін қарау.

Зерттеу объектісі отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалатын сыйламаушылық көрсетіп былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды заттарды бүлдіру, денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған әрекеттер мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесудің, хаттама толтыру, іске асыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні болып отбасы- тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу барысында әкімшілік құқықтың нормалары, теориялық ережелер және отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауаптылықты жетілдіру тенденциялары, әкімшілік құқық бұзушылыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыратын нысандары мен әдістері болып табылады.

Зерттеу нысанасы әкімшілік-құқықтық құралдар, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу тәсілдерін қолданумен байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық актілер, сондай-ақ аталған саладағы отандық және шетелдік Нормативтік құқықтық көздер, Бас прокуратураның ҚСЖАЕК, ҚР ІІМ статистикалық деректері, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік практика және сот практикасы құрайды. Диссертацияны дайындау барысында бұрын басқа авторлар жүргізген зерттеулердің нәтижелері зерттелді, олардың

тұжырымдары зерттелетін құбылыстардың дамуын салыстыру және анықтау үшін пайдаланылды. Таңдалған тақырыпқа қатысты жарияланған зерттеулердің материалдары пайдаланылды.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдістемелік негіздері. Диссертацияның әдістемелік негізін әкімшілік құқық тарихы және теориясы, қылмыстық құқық және криминологияда қалыптасқан ұстанымдар мен таным категориялары құрайды. Жұмысты жазу барысында Қазақстан Республикасы Жоғары сотының нормативтік қаулылары кеңінен пайдаланылып, оларға теориялық тұжырым жасалынды. Сонымен бірге мерзімді баспасөзге жарияланған материалдар пайдаланылды.

Диссертациялық жұмысты зерттеудің әдістемелік базасы жалпы ғылыми, диалектикалық әдіс танымына негізделген. Сондай-ақ диссертациялық жұмыс барысында жүйелік-құрылымдық, логикалық, тарихи, статистикалық және әлеуметтік талдау әдістері қолданылды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қабылданғаннан кейінгі теориялық және іс-тәжірибелік материалдарға негізделіп әзірленген тұңғыш диссертациялық зерттеу болып табылады.

Еңбектің теориялық және практикалық маңызы жұмыста келтірілген қорытындыларды, заң нормаларын жетілдіру процесінде қолдану мүмкіндігімен ұштасады. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларына, қолданыстағы әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс, Қазақстан Республикасы Жоғары сотының нормативтік қаулылары мен халықаралық нормативтік актілердің нормаларына негізделген. Сонымен қатар, отбасы қатынастары мәселесіне байланысты нормативтік-статистикалық материалдар мен ғылыми заң әдебиеттері қолданылады. Отбасы тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамының белгілері талданып, олардың түсінігі, оның ұқсас құқық бұзушылықтардан айырмашылығы, қатынасы, олардың ортақ белгілері қаралды. Отбасы тұрмыстық

қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар объектісі, субъектісі, объективтік және субъективтік жақтары терең зерттеле отырып, оның белгілері туралы әртүрлі ғылыми заңдылықтарға талдау жасалып, жеке көзқарас ұсынылды.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. Отбасылық-тұрмыстық қарым қатынастар аясындағы құқыққа қайшы әрекеттер үшін жауаптылықта шет ел тәжірбиесін қарап зерделеу барысында алыс жақын шет елдердің отбасылық қарым қатынастағы құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауаптылық түрлері қарастырылды. Жүргізілген талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасы үшін Франция және АҚШ-тың қолданысындағы отбасы-тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралар жүйесінен де аларымыз бар. Франциядағы қорғау ордері мен құқық бұзушының мінезіне ерекше талап қойу бойынша салыстырмалы түрде талдау жүргізу барысында қорғау ордерін бұзған адамға байланысты 15000 еуро айыппұл және екі жылдық қамақ қарастырылса, біздегі құқық бұзушының мінезіне ерекше талап қойу ережелерін бұзуына байланысты бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не жеті тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу қарастырылған. Тек Францияда емес жалпы отбасылық жанжалдар, ұрып-соғулар бойынша күрестегі озық мемлекеттердің басым бөлігінде жауаптылықтың қатаң түрі тағайындалатынына көзіміз жетті. Қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық турал кодекстің 669-бабы «Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау», яғни 2-бөлімі- Құқық бұзушының мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзу бойынша көрсетілген жауаптылықтың 15 тәулікке дейін ұзартылуын ұсынамыз.

2. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1 бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2 бабы «Ұрып-соғу» баптарына 4 бөлігі ретінде осы баптардың бірінші және 1-1 көзделген әрекет кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты

жасалса деп саралау белгілеріне толықтыру енгізуді ұсынамыз. Себебі, отбасында орын алатын құқық бұзушылық кәмелет жасқа толмаған балаға қатысты құқыққа қарсы іс әрекет жасайтын тұлғаны қатаңырақ жазалауға мүмкіндік береді.

3. ҚР ӘҚБтК 461-бабы «Қорғау нұсқамасын бұзу» яғни Ішкі Істер Органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзғанына байланысты – ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Көрсетілген баптың 2 бөлігі ретінде осы баптың 1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - деп толықтыруды ұсынамыз. Көрсетілген 461 баптың 2-бөлігіне жауаптылық ретінде - он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуды ұсынамыз.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 786-бабы «Жеткізу» бойынша 1 бөлігінің 8) тармағына жәбірленушінің өтініші бойынша деп қосуды ұсынамыз, яғни 8) өзге де әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде прокурордың тиісті тапсырмалары, жәбірленушінің өтініші бойынша не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдар тарапынан өтініш болған кезде – ішкі істер органдарының қызметкерлері ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға жеткізуді, яғни мәжбүрлеп келтіруді жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген толықтырулар жәбірленушінің арыз жазудан бас тартқанына қарамастан отбасылық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаны ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға жеткізуді және профилактикалық әңгімелесуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық негізін әкімшілік құқық, әкімшілік іс жүргізу құқығы және т.б. осы отбасы тұрмыстық-қатынастар саласын зерттеген ғалымдардың ғылыми кітаптары, мақалалары, магистірлік жұмыстары жіне тағы да басқа еңбектері құрайды. Бұл уақытқа дейін отбасындағы құқыққа қарсы

жасалатын әрекеттердің алдын алу мен жолын кесуге байланысты С.М. Сапаралиева, А.С. Куатова, Қ.П. Бейсен, С.В. Корнейчук, Н.С. Гладырь Н.М. Ахметқалиева, З.М. Байсақов, Е.П. Ким, А.Ф. Зелинский, В.А. Кацюба, Л.А. Безукладников, Я.И. Гилинский, Л.В. Ж.К. Асанов, Б.А. Жетписбаев еңбектері жазылған.

Зерттеудің нормативтік базасы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңы, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция, Қазақстан Республикасы Жоғары сотының нормативтік қаулылары, сонымен қатар, халықаралық құқық нормалары мен шетелдердің нормативтік құқықтық актілері танылады.

Зерттеу жұмысының дерек көзінің негізі. Диссертациялық жұмыстың теориялық базасын бұрын және кейінгі жылдарында жарық көрген ғалымдардың ғылыми еңбектері құрайды. Зерттеудің деректік негізі мен тұжырымдары Қазақстан Республикасы Конституциясына, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі, Қазақстан Республикасы Жоғары сотының нормативтік қаулылары және басқа да құқықтық нормативтік актілеріне негізделеді. Салыстырмалы түрде Еуропа, Азия, АҚШ мемлекеттерінің заңдары, халықаралық құқықтық актілер негіздері әкімшілік заңдары зерттеледі.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Зерттеудің негізгі тұжырымдары жарияланған ғылыми еңбекте кеңінен баяндалады. Атап айтқанда:

1) «Отбасы - тұрмыстық қарым қатынастағы әкімшілік жауаптылықтың өзекті мәселелері» атты мақала халқаралық ғылыми-тәжірибиелік конференция материалдары жинағында жарық көрді.

2) «Отбасылық – тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауаптылықты жетілдіру» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында жарық көрді.

1. ОТБАСЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауаптылықтың даму тарихы

Адамзаттың тарихи дамуын үш кезеңге: тас, қалайы және темір дәуірі деп бөлінгені мәлім. Сонау тас дәуірінде түркі халқының ұжымдасып тұрмыс кешуі, алғашқы қауымдық құрылыс түркі халықтарының тарих сахынасына шығуы мен өсіп-өркендеуін, табиғи болмысын қалыптастырды. Бұл кезеңді қауымдық немесе көпшілдік қағидасы деп атаған. Көпшілдік қағидасынан соң рулық дәстүр келді. Рулық дәстүр кезеңінде адамдар етене жақын туыстарымен бірлесе еңбек етіп қатынастарын нығайту мақсатында ережелер мен қағидалар шығара бастады. Осы ретте «қара шаңырақ» абройы артып ондағы әке мен ананың қарым-қатынасы орнықты болуы үшін ережелер шықты.

Кейінгі мыс, темір деп аталатын дәуірлерде рулық патриархаттық дәстүрі басым болды. Бұған бірден бір дәлел Нышанәлі Нұрланұлы өзінің Қазақтардың дәстүрлі отбасы неке құқықтары атты кітабында «Сол замандағы бабаларымыз о дүние боларына сеніп бұл фаниді жаратушы –Тәңірі. Ол көкте тұрады деп есептеді. Тәңірге асы болмау жағы қарастырылып: «Түбінде сұрақ болады, бұл фәнидің тұрмыс тіршіліктегі іс-әрекеттер жақсы-жаманға, ақ-қараға, обал-сауапқа, адал-арамға деп ажыратылды» - деп ұғынды. Сондықтан оның мәнін отбасынан бастап түсінуге тырысты, деп атап көрсеткен [5].

Біздің заманымыздың VII-VIII ғасырларда арабтардың қазақ даласын жаулап алумен ислам діні таратыла бастады. Ислам дінінің қазақ даласына келуіне орай ондағы отбасы жағдайы да өзекті тақырыптардың бірі болды. Сонымен қатар ислам дінінің түркі тайпаларындағы отбасы мәселесіндегі туындайтын мәселелер мен сұрақтарға байланысты жауабы табылып отырды және отбасындағы қылмыстарға тиісті жауаптылық ана ғұрлым күшейді.

Қазақ даласында түркі тайпаларының отбасындағы мәселелерге байланысты дін мен әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді үйлестіре отыра шешімін

тауып отырды. Сонымен қатар «дәстүрлі әдет ғұрып құқығы отбасын құрудағы некенің келесі негіздегі нысандарын реттеді:

- қалың мал беру арқылы;
- бел құда;
- бесік құда;
- қарсы құда;
- алып қашу;
- еңбек ету арқылы;
- әмеңгерлік;
- балдыз алу арқылы құрылатын отбасы түрлері болды» [5].

Зорлау орын алған жағдайда қылмыстық жауаптылықтың келесідей түрлері көрсетілді: өлім жазасы, дене жарақатын салатын және масқаралайтын, құнын төлеу.

Зинақорлық қылмыстарына кінәлі адамға байланысты жауаптылық өте қатаң жаза тағайындалып отырған. Қазақ әдет-ғұрып құқығының ең көне нормалары бойынша тұрмыс құрмаған және тұрмыс құрған қыздың тарапынан моральдық мінез-құлықтың кез келген бұзылуы, сондай-ақ тұрмыс құрған әйелдің неке адалдығын бұзуы ауыр жазаға әкеп соғады, яғни жауаптылығы әйелді зорлаумен тең.

Осыған байланысты құран Кәрімде: «Зинақор ер де және зинақор әйел де әрқайсысына 100 реттен дүре соғып дене азабын сезінуі керек» делінген.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша зинақорлық әрекеттерге байланысты жауаптылықтың қатаңдығын әйелді зорлаумен теңестірсе, шариғат бойынша 100 рет дүре соғу қарастырылды (24-сүре, 64-аят).

Отбасылық қатынастардағы теңдіктің қалыптасу тарихы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрге ие. Адам құқықтарын қорғау дәстүрі және демократия қағидаттары қазақ жерінде біздің халқымыздың терең тарихынан тамыр алады. Тарих ғылымында «дала демократиясы» феномені жақсы белгілі болды.

Отбасы құқығы саласындағы көптеген мәселелерде қазақтардың әдет-ғұрып құқығы мен шарифат нормалары жиі сәйкес келіп, бірін-бірі толықтырып отырса да, жалпы алғанда, шарифат заңдары әйелге қатысты ережелері әдеп-ғұрып нормаларына қарағанда қатаңырақ болды, олар таза реакциялық сипатта болды. Тарихқа көз салар болсақ қазақ әдет-ғұрып құқығында отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас аясындағы жасалған қылмыстарға тағайындалған жазалардың ислам дінінің келуімен қатаңдатылды.

Қазақтың дәстүрлі құқығының тарихында Қасым ханның тұсында «Қасым ханның қасқа жолы», Есім ханның тұсында «Есім ханның ескі жолы» заңдарымен елдегі қарым қатынас реттеліп отырды. Уақыты келе Тәуке ханның тұсында «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» жетілдіріп, «Жеті жарғы» немесе «Тәуке заңдары» жарыққа шықты. «Тәуке заңдары» сол кезде қазақтардың құқығын кодификациялаудың бірден-бір дәлме-дәл тәжірибесі болып қала берді. Олардың қайнар көздері Тәуке ханның әдет-ғұрпы, сот шешімдері және кейбір қаулылары болды. Шын мәнінде бұл қазақ қоғамының Ұлттық Хартиясы – «Жеті жарғы» болды. Бұл қазақтардың этникалық, географиялық ерекшеліктеріне, қоғамдық өмірінің шаруашылық салтына сәйкес келетін құнды құқықтық ескерткіш болды.

Қазіргі құқықтың ата-бабалары жасаған тарихи құндылыққа лайықты баға бере отырып, біз С.З.Зимановпен келісуіміз керек, ол: «Жарғы қазақ құқығының бірегейлігі-оның көшпелі өркениет шеңберінде дүниеге келгені, осы дәуірдегі адам мен адамгершілігінің көптеген құндылық ерекшеліктерін бейнелегенін көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ол тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер әлемінде лайықты орын ала алады және алуы керек» [7].

«Жеті Жарғы» қазақ қоғамындағы қатынастарды реттейтін жеті бөлімнен тұратын әдеттегі құқық заңдарының жиынтығы болды. Оның арқасында даулар шешіліп, өмірдің келесі салаларында заңдылық қамтамасыз етілді: Жер даулары, жесір үшін даулар, құнға байланысты даулар, ата-ана тәрбиесі және неке

қатынастары, қылмыстар үшін жауапкершілік, ұрпақтар арасындағы даулар, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

XV-XVIII ғ. қазақ даласында некеге тұрудың яғни отбасы құрудың тағы бір түрі пайда болды. Жаугершілік замандағы басып алған елдегі қыздарды әйелдікке алу арқылы жүзеге асырылды. Бұл отбасы құрудағы ерекше жағдай қалың малсыз орындалатын неке түрі болды және ол қыздардан бала туылған да ғана заңды некедегі әйелі болып табылатын болған [6].

Билер соты барысында екі жақ келісуі бойынша өлім жазасын құн төлеумен алмастыруға мүмкіндік болған. Құн төлеу төрт жағдайда рәсімденген. Олар: егер әйелі күйеуін өлтірсе және күйеуінің туыстары оны кешірмеген жағдайда; егер әйел некесіз туған баласын өлтірген жағдайда; жұбайлар арасындағы «көзге шөп салушылық» дәлелденген жағдайда; «құдайға тіл тигізгені анықталған жағдайда». Ал, әкесіне қол жұмсаған ұл баланы қара сиырға теріс отырғызып масқаралаған. Ата-анасына дауыс көтерген қыз баланың жазасын шешесі шешкен. Сол заманның «Жеті жарғы» заңымен отбасындағы құқық бұзушылықтар да қаралғанын байқап отырмыз. Әкесіне қол көтерген ұлды сиырға теріс отырғызу арқылы оны масқаралап ел алдындағы абройын түсіру мен қатар ұяттық деңгейін көтеру болған.

«Қазақ әдет-ғұрып құқығында жалпы отбасы қатынастар саласында қылмыстың келесідей түрлері болды:

- зорлау
- зинақорлық
- әйелді ұрлау»[8].

Жоғарыда көрсетілген отбасы қатынастары аясында жасалатын қылмыстардың әр қайсысына өзіне лайық жазасы тағайындалып отырды. Әйелдерді зорлау қазақ әдет ғұрыпында ауыр қылмыстар санатына жататын қылмыс түрі болып табылатын. Дегенмен, «әйелдерді зорлағаны үшін жауаптылықты қарастыратын қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыстық құқық нормалары әйелдердің жеке бас бостандығымен қатар, жыныстық қол

сұғылмаушылығын қорғауға бағытталмады, олар патриахалдық отбасылық қатынастардың негіздерін, отағасы-еркектің отбасылық құқықтарын және қоғамдағы феодалдардың құқықтарын қорғады».

Қазақ әдеп-ғұрып құқығы бойынша зорлау 3 түрлі адамға байланысты жасалуы қарастырылды:

- тұрмыс құрмаған;
- атастырылған (құда түскен);
- тұрмыс құрған әйел кісіге байланысты болып бөлінді.

Тұрмыс құрмаған қызды зорлау да ауыр қылмыс санатына жатқызылды. «Тұрмыс құрмаған қызды зорлаған жағдайда, зорлаған адам егер сол қызды өзіне әйелдікке алған жағдайда, ата-анасына қалың мал беріп үстінен айппұл төлеп, үйленіп отбасы құрған жағдайда жауаптылықтан босатылады.» [8]

«Құда түскен қызға зорлау көрсетсе одан күйеуіне бір қызды және оған қоса бір күң мен бір түйені, бір сауыт сайманды және 24 түрлі ірі қара малын талап етсін; егер зорлық-зомбылық көрсеткен адам жоғарыда көрсетілген құнын өтей аламаса, онда ол өлім жазасына кесіледі делінген». Сондай-ақ тұрмыс құрған қыздың зорлануына байланысты: «яғни үйленген әйелді зорлағаны үшін күйеуіне: «түйе бастаған тоғыз не жылқы бастаған тоғыз, не 2 ат пен 2 халат, бір атпен халат деп көрсеткен. Айыптың мұншалықты түрлерінің көп болуы жәбірленушінің күйеуінің абройына тікелей байланысты. Зорлаған кінәлі, әкесіне де айып төлейді: екі тоғыз немесе жылқыдан бір тоғыз» [9] .

Әйелдерді үйлену мақсатында ұрлау – ең көне монғол дәстүрлерінің бірі. Ф.Энгельстің айтуынша әйелді ұрлау жұптық некенің басынан бастап пайда болды. Бастапқыда ру ішінде некеге тұруға тыйым салынғандықтан және әйелдердің жоқтығынан пайда болған. Ф.Энгельс топтық және жұптық некенің айырмашылығы туралы былай деп жазды: «Отбасының бұрынғы формалары кезінде ерлер қауымына әйелдер қауымы ешқашан жетіспеушілік туындамаған болса, уақыты келе керісінше әйелдер сирек болды. Сондықтан жұптық неке пайда болған кезден бастап әйелдерді ұрлау және сатып алу басталады» [10, 47-

б]. Әйелдерді ұрлау таптық қоғам жағдайында, әсіресе патриархалдық-феодалдық құрылыс жағдайында кең таралған, бірақ ол басқаша болды.

Зинақорлық яғни әйелінің күйеуінің көзіне шөп салуы немесе керісінше күйеуінің әйелінің көзіне шөп салушылық әрекеттерінен туындайтын қылмыс түрі болып табылады. Бірақ жоғарыда атап көрсеткендей, отбасы патриархалдық болуына байланысты күйеуінің әйелінің көзіне шөп салуы сол заман ережелеріне сәйкес қылмыс деп саналмады. Әйелінің көзіне шөп салған еркекке байланысты жауаптылық әйелінің алдында емес өзге отбасына қол сұғуына байланысты жауаптылыққа тартылды .

Зинақорлық, опасыздық жасаған әйелдің отбасының, оның ата-анасының, сондай-ақ күйеуінің туыстарының ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін әрекет ретінде қарастырылды. 19 ғасырдағы зинақорлық үшін жауапкершілік туралы М. Ковалевский былай деп жазды: «Қазіргі уақытта зинақорлық үшін басқа қылмыстық әрекеттер үшін төленетін жеке адамға байланысты төлемнің жоқтығы. Оларды жәбірленушілер деп тануы «халық арасында ұят болып саналды», зинақорды қудалау бүкіл қоғамның, бүкіл ауылдың жауапкершілігіне өтіп қуып шығу арқылы жүзеге асып отырды» [11, 151-б].

Үйленген әйелмен зинақорлық жасағаны үшін күйеуі әйелінің ата-анасына хабарлауы керек және мұндай жағдайда екі кінәлі тарапты да өлтіруі мүмкін. 1824 жылғы жинақта немесе қазақ адатында бір-бірімен араласқан некедегі әйелмен зинақорлық жасағаны үшін бірдей дерлік жаза екеуі үшін қарастырылған.

Шамамен XIX ғасырдың ортасына дейін отбасы-неке қатынастары саласында әртүрлі қылмыстар жасағаны үшін қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша жазаның мынадай түрлері тағайындалды: өлім жазасы, дене жазасы, құлдыққа бағыну, құн төлеу. Кінәліден әкесіне немесе күйеуіне, әйелдің ұрлануына байланысты құн мен айыптың құрамына бірнеше жүздеген малдан басқа, 2-3 қыз немесе қызметші кірген. Әрине, мұндай үлкен көлемдегі құнмен айыпты сол заманың дәулетті адамдар ғана төлей алған [12].

XIX ғасырдың ортасынан бастап билер соттары айыбын, дене және абыройсыз жазаларды қолданды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап билер соттары дене және ұят жазалары салыстырмалы түрде сирек қолданыла бастады; оларды негізінен қазиев-молдалардың соттары пайдаланды, олар қазақтардың отбасылық-неке істерімен де айналысты.

Патшалы Ресей тұсындағы қазақ халқының жалпы отбасындағы туындаған мәселелер мен жанұя төңірегіндегі кикілжіндер және өзге де отбасы аясындағы туындаған сұрақтарға байланысты бұрынғыша сұлтан-билеушілердің қарауымен шешіліп отырды. Бұған бірден-бір дәлел келтірер болсақ, Г.Қ. Кәдіркұлова өзінің еңбегінде «Сұлтан билеушілер елдегі тәртіпті сақтау, қазақтарға қамқорлық жасау, салық жинау, отбасы мәселелері, сот істерімен қатар медициналық жағдайды қадағалауды жүзеге асырып отырды», делінген [13].

Патша үкіметі тарапынан қазақ билер сотына өлім жазасын тағайындауды жеңілдетіп билер соттары айыбын, дене жарақатын салатын және абыройсыз жазаларды қолданды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап билер соттары дене және ұят жазалары салыстырмалы түрде сирек қолданыла бастады; оларды негізінен қазиев-молдалардың соттары пайдаланды, олар қазақтардың отбасылық-неке істерімен де айналысты.

Патша үкіметінің билер сотына араласуымен зинақорлық және зорлау әрекеттеріне байланысты жазалардың анғұрлым жеңіл түрлеріне тартылды, сонымен қатар қазақ әдет-ғұрып құқығындағы жеке кек, яғни қанға – қан жанға – жан жаза түрлерін қолдануға тыйым салды. Дене ауырту жазалары дүре соғуды 10-60 дейін немесе қамшымен 90 ретке дейін тағайындауға рұқсат берді [14, 27-6].

1893 жылы Токмақ билерінің съезінде бекітілген ержеде: «Күйеуге шықпаған қызды әке-шешесінің талабы бойынша оның келісімімен ұрлап әкеткені немесе ұрлағаны үшін» он бас ірі қараға дейінгі мөлшерде айыппұл салу белгіленген. Күйеу жігіттен ата-анасының құнынан түйе алынады. Алып қашу қыздың келісімінсіз және зорлық-зомбылықпен орындалса онда, одан кейін

қалыңдық олардың өтініші бойынша ата-анасына қайтарылады, ал ұрлаған адамға бір түйемен 25 бас ірі қараға дейін немесе бір мың ірі қараға дейін айыппұл салынады. Тұрмыс құрған әйелді алып қашқан адамға байланысты айып мөлшері 3 түйе бастаған тоғыз деп қарастырылды [6].

Отбасы төңірегіндегі әйелдерді алып қашу қылмыстары бойынша негізгі жаза түрі айып болды. Бірақ айып мөлшері қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша әкесінің немесе күйеуінің абройына байланысты тағайындалды.

Отбасы салысындағы қылмыстарға байланысты құн төлеу мен айып қолданылып отырды. Дене жазасын - жағдайы ауқатты адамдар құн төлеу немесе айып беру арқылы да жүзеге асып отырған, жағдайы жетпеген - құн төлеуге шамасы келмитін адамдарға байланысты дүре соғып немесе қамшымен сабау тағайындалды.

Неке адалдығын бұзғаны үшін ұят жазалар, атап айтқанда, кінәлілерді «жалаңаш дерлік шешіндіріп, бетіне күйе жағып, киіз түтінінен ысталған ең үлкенінің бір бөлігін мойындарына кигізіп, қамауға алу» болды. Бұл нысан ауылдың айналасында көрермендер санына қарай бетіне күй деп аталатын көптеген нәрселер бар 2 жағып мойынына құрым іліп ауыл айналдыру».

Айып бір ат немесе бір шапаннан үш тоғызға дейінгі мөлшерде тағайындалған. Мәселен, 1893 жылы Тоқмақ билерінің съезінде бекітілген ержесінде: «Әйелі мен сүйіктісінің арасындағы зинақорлық үшін, күйеуінің абройына қарай бір адамнан айыппұл алынады, жылқыдан бастаған тоғыз бас шапан. Сонымен қатар, күйеуінің өтініші бойынша ол әйелге беріледі: ажырасу, балалар мен мүлікке кінәлі құқығынан айырумен, ал күйеуі қалымның бір бөлігіне сотталады, қызбен зина жасағаны үшін айыппұл өндіріледі: бір халат немесе ат және халат. Бірақ сол кездің өзінде қазақ даласының барлық аумағында бірдей жауптылыққа тартылмады.

Сол заманда отбасындағы туындайтын дауларды әкімшілік, азаматтық, қылмыстық деп бөліп қарастырылмады. Жалпы отбасы саласындағы қылмыстар деп аталды.

Қалай болғанда да, осы немесе басқа түрде қарапайым құқық жүйесі қазіргі Қазақстанның аумағында 1920 жылдарға дейін үстемдік еткенін есте ұстаған жөн.

Оның шеңберінде, ортағасырлық қазақ қоғамының заң нормаларында қоғамның әрбір мүшесіне нақты бір адамның немесе адамдар тобының мүдделерін тікелей қозғайтын мәселелерде билікке өз дәлелдерін айтуға мүмкіндік беретін дәстүрлер әрқашан болған, бұл адам мен азаматтың іргелі құқықтарының бірі - сөз бостандығы құқығын қорғаған. Бірнеше жүз жылдан кейін қазақ халқы ұлттық тәуелсіздігін қайта алған кезде, ол бүкілхалықтық референдумда өзі қабылдаған Конституцияны демократиялық және құқықтық мемлекет құру ұлтты одан әрі дамытудың басты мақсаты деп жариялады.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы және XX ғасырдың бас кезіне дейін қазақтардың отбасылық-некелік қатынастары реттеліп келген шарифат нормалары әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы қауқарсыз жағдайын көрсетті. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша отбасы-неке қатынастары саласындағы қылмыстар тек қазақ феодалдарының отбасылық құқықтарын бұзатын әрекеттер болды. Сонымен қатар әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы тең емес жағдайы үстем таптың қылмыстық әрекеттерге деген көзқарастарында да, отбасы-неке қатынастары саласында да өз көрінісін тапты.

Отбасындағы құқыққа қарсы әрекеттер барлық уақытта, барлық өркениеттерде болған. Қоғам дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға және іргетастарға сүйене отырып, ерлер мен әйелдерді тең емес екі топқа бөлді, онда ер адамдар қоғамға қызмет етеді, ал әйелдердің рөлі отбасы шеңберімен шектелді. Сондықтан барлық мәдениеттерде әйелдер еркектерге тәуелді болды, олардан кейін екінші орында тұрды, ал ерлердің әйелдері мен балаларын бақылау құқығы XX ғасырға дейін сақталды.

Патшалы Ресей тұсындағы отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас аясындағы құқыққа қарсы жасалған әрекеттер үшін жауаптылықтың кең қолданылған түрі сол заманның қалталы азаматтары үшін дүре соғу яғни дене

жарақатын жаза түрлері – құн төлеу мен айып болса, құн төлеуге шамасы келмейтін адамдарға байланысты дүре соғып немесе қамшымен сабау тағайындалса, өлім жазасының қолданылуы аясы тарылды және бұл уақытқа дейінгі жасалған қылмыстар үшін тағайындалған өлім жазасын – Патшалы Ресей тұсында қолданыстан шығып қалды және дене жазалары, яғни зинақорлық әрекеттеріне байланысты шарифат және қазақ әдет ғұрып заңдары бойынша 100 дүре соғылса, ал Патшалы Ресей тұсында дәл сол зинақорлық, және т.б. отбасы саласындағы қылмыстарға байланысты 10-60 дүре аралығында соғу қарастырылып, жеңілдетілген.

Қазақстанның 1922 жылы КСРО мемлекеттерінің құрамына кіруімен елдегі біраз жағдай өзгерді. Шарифат заңдары мен қазақ қазақ әдет-ғұрып заңдары қазақ отбасыларындағы әйел қауымының құқықтарының жеткілікті деңгейде қорғалмауын атап көрсетті.

1922-1956 жылдар аралығында отбасындағы құқыққа қарсы жасалған әрекеттер үшін билер соты мен қазақ әдет-ғұрып ережелерінің қолданылу аясы тиылды. Жоғарыда көрсетілген уақыт аралығында Қазақ кеңестік социалистік Республикасы Қылмыстық кодекісінде белгіленген баптарға сәйкес жауаптылыққа тартып отырды. Жауаптылықтың бұл түрі қазақ еліндегі отбасындағы соның ішінде әйелдерге байланысты, отбасындағы әйелдердің рөлін отбасы мүшелеріндегі орнын нақтылады.

1956-1995 жылдар аралығында отбасындағы құқыққа қарсы жасалған әрекеттер үшін қылмыстық және әкімшілік кодексте қарастырылды. Әкімшілік кодекстің 164 бабына сәйкес «ата-аналардың немесе адамдардың, олардың алмастыратын адамның оқыту мен тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамауы» үшін ескерту немесе 30 рубль айып салынатын болған.

Еліміз 1991 жылы тәуелсіздігін алған сәттен бастап, құқық жүйесі де өзгере бастады, сонымен қатар отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас аясында да өзгерді.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің басым міндеттерінің бірі неке мен отбасын, ана мен әкені және баланы қорғау болып айқындалды. Бұл туралы қағидаттық ережелер 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген. ҚР Конституциясының 27-бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында» делінген [1].

2001-2006 жылдар аралығында отбасындағы құқыққа қарсы жасалатын әрекеттер тізбегі сол уақыттың яғни 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 330-бабына сәйкес жауаптылыққа тартылған [15].

2009 жылғы 4 желтоқсанда «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң қабылданды [16].

«Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР ПМ 2010 жылғы 16 тамыздағы № 356 бұйрығы қабылданды [17].

2007-2014 жылдар аралығында «отбасы – тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, адамға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тису, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзу, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын жайда жасалған басқа да әрекеттер»- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтарда қабылданған, 2007 жылдың 30 шілдесіндегі толықтыруларға сәйкес Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 79-5-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылады [4].

2009 жылы Қазақстан Республикасында «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Онда «жыныс белгісі бойынша кемсіту» ұғымы «адамның құқықтары мен бостандықтарын кез келген шектеу немесе кемсіту, сондай-ақ жыныс белгісі бойынша оның қадір-қасиетін төмендету» ретінде айқындалған [18].

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауында: "Біз заңнаманы ізгілендірумен айналысып, азаматтардың негізгі құқықтарын ескермедік. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және жеке адамға, әсіресе балаларға қатысты басқа да ауыр қылмыстар үшін жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл менің Парламентке және Үкіметке тапсырмам" [63].

Осыған байланысты, 2019 жылғы 27 желтоқсанда заңға қол қойылды, онда әдепсіз сөйлеу, қорлау, қорлау және отбасын ұрып-соғу сияқты құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықтар өзгертілді. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға қатысты өзгерістерге толығырақ тоқталсақ.

ҚР ӘҚБтК 73-бабы "Отбасы - тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер", 73-1-бабы "Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру" және 73-2-бабы "Ұрып-соғу" баптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

№	ҚР ӘҚБтК баптың атауы	Өзгерістер	Толықтырулар
73	Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер	Әкімшілік қамаққа алу мерзімі үш тәуліктен бес тәулікке дейін ұзарды	
73-1	Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру		1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты

			жасалған әрекеттер – ескерту жасауға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді – деп толықтырылды.
73-2	Ұрып-соғу		1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер – ескерту жасауға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді – деп толықтырылды.

Бұл өзгерістер құқық бұзушылықтың алдын алу және зардап шеккендерді қорғау үшін енгізілді. ҚР ӘҚБтК-нің 73-1, 73-2-баптарында айыппұл отбасылық бюджетті үнемдеу мақсатында ескертуге ауыстырылды [36].

Қазіргі таңда отбасындағы құқыққа қайшы келетін әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының 2014 жылдың 5 шілдеде қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы «Отбасы – тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2-бабы «Ұрып-соғу», 461-бабы «Қорғау нұсқамасын бұзу» және 669-бабы «Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау» баптарына сәйкес жауаптылыққа тартылады [4].

№	Баптың атауы	Мазмұны	Әкімшілік жауаптылықтың түрі мен мерзімі
1	Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер (73-бап)	1. Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса	Ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.
		2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер	Он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.
		3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік	Бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

		қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер	
2	Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (73-1-бап)	1. Денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру	Он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.
		1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер	Ескерту жасауға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.
		2. Осы баптың бірінші және (немесе) 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер	Жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.
		3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер	қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3	Ұрып-соғу (73-2-бап)	1. Тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау	Он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.
		1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер	Ескерту жасауға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.
		2. Осы баптың бірінші және (немесе) 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер	Он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.
		3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер	Отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.
	Қорғау нұсқамасын бұзу (461-бап)	Ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу	Ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

1	<i>Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қатысты шығарылған қорғау нұсқамаларының саны</i>	63 012	64 245	64 132	61 046	64 852	73 541	78 832
2	<i>Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қатысты ерекше талаптардың саны</i>	5250	5222	5304	5 934	6 605	7 712	9 786

2021 жылдың нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодесінің 73- бабына сәйкес 1689 адам жауаптылыққа тартылған. Республика бойынша 2021 жылы 21711 адам жауаптылыққа тартылып үлгерген және бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 12% артқан [15].

Қорытындылай келе, Қазақ халқында отбасындағы құдылықтар, салт дәстүрлер, 15-16 ғасырлардағы дала заңдары деп аталып кеткен Тәуке ханның жеті жарғысы, Есім ханның есік жолы жинақтарында ерекше аталып өткен. Сол заманнан бастап отбасын сақтаудың, отбасы мүшелерінің, әсіресе әйелдің рөлі, оған қарсы бағытталған қандай да бір заңсыз әрекет, яғни, зорлау, мәжбүрлеу, қорлау қатаң жазаланатын болған. Аталған дала заңдары 20 ғасырда жаңа кейіпке еніп, КСРО уақытында пайда болған қылмыстық кодексте өз орынын тапқан. Кейін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, Әкімшілік құқық

бұзушылық кодексі, басқа да нормативтік актілерде отбасында орын алатын құқықбұзушылықтар толығымен заңдастырылған. Алайда, соған қарамастан жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерге қарап отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттердің жылдан жылға өсіп келетіндігін байқап отырмыз. Осы орайда отбасыдағы құқыққа қарсы жасалатын әрекеттердің алдын алу және болдырмау мақсатында жауаптылықты жетілдіру жөн деп санаймыз.

2.1 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесудің әкімшілік-құқықтық құралдары ұғымы және олардың сыныптамасы.

Әкімшілік-құқықтық құралдарды қолдану арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу қызмет нысандарының бірі болып табылады.

Құқық ғылымында алғаш рет «құқықтық механизм» ұғымы мен термині С.С.Алексеевпен еңгізілген, Оның ойынша «құқықтық реттеу механизмі» деп қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер етуді қамтамасыз ететін заңды құралдардың тұтас жиынтығын түсіну керек. Ғалым «құқық нормаларын, жеке ұйғарымдар мен бұйрықтарды, шарттарды, заң техникасының құралдарын, бірлікте қарастырылған реттеудің барлық басқа құралдарын құқықтық құралдарға жатқызған. Оның пікірі бойынша, құқықтық құралдар қоғамдық қатынастарға тиімді, нормативтік ұйымдастырушылық әсер етеді, сонымен қатар ғалым құқықтық ықпал ету құралы ретінде құқықтық реттеу әдістерін де қарастырады [16].

Құқықтық құралдар ретінде В.А.Сапун құқықтық құбылыстарды анықтайды реттеуші әлеуетке ие, нақты қолданылуымен ерекшеленеді, оларды заң қызметі процесінде пайдалану әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізуге әкеледі. Осы ғалымның пікірінше, құқықтық құралдар құқықты іске

асыру механизмін құрайды, оның элементтеріне құқық нормалары (құқық субстанциясы), құқықтық қатынастар (құқық қолдану және құқық қолдану қызметі), субъектілердің жеке құқықтық қызметінің нәтижелері «жеке актілер- белгілі бір заңды салдарларды тудыратын құжаттар түрінде жүзеге асырылады. Құқықтық құралдарға шарттар, келісімдер, актілер-құжаттар құқық қолдану органдары. Кейбір жағдайларда жеке қызмет актілері құжаттық рәсімделмеуі мүмкін, бірақ сонымен бірге олар нақты, заңды маңызды әрекеттер түрінде материалдық жалғасы бар [17].

Профессор Б.И.Пугинский құқықтық құралдар теориясының дамуына айтарлықтай үлес қосты, заңдағы «аспаптық» тәсілдің негізін қалаушы. Азаматтық-құқықтық құрал ретінде ғалым азаматтық-құқықтық шартты, шарттан тыс міндеттемені, құқықтар мен заңды міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ету құралдарын қарастырады [18].

Керісінше, А.П.Шергин нормаларды түсіндіру принциптері мен актілері әкімшілік құқық әкімшілік-құқықтық құралдарға жатпайды деп түсіндіреді. Бұл ғалым құқық нормаларын, құқықтық қатынастарды, құқық нормаларын қолдану актілерін, сондай-ақ құқықтық реттеу әдістерін әкімшілік-құқықтық құралдарға жатқызады [19].

Прокурор өзінің наразылығында, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабының ескертуіне сәйкес, ене мен күйеу баласы арасындағы қарым-қатынас отбасы мен үй шаруашылығына жатпайтынын айтады, өйткені олар туыстар емес, олар ешқашан бірге өмір сүрмеген. Яғни, 73-бабының ескертуіне сәйкес бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар болуы керек екені ескеріліп, Апелляциялық сот наразылықтың дәлелдерімен келісіп, әкімшілік құқықбұзушылықтың құрамының жоқтығы үшін сот шешімін жойды.

Осы орайда отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамдар шеңбері тар мағында қарастырылғандығына тағы да көзіміз жетіп отыр. Көрсетілген жағдай бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет жасаған тұлғалардың тізімі өте тар мағынада қарастырылған деп санаймыз. Сонымен қатар шет ел тәжірбиесін де қарап, салыстыру арқылы қажетін алғанымыз жөн.

Литвада балаларын балабақшаға тіркеу үшін ата-аналары Вильнюстің бір сайтында анасы не әкесі деген тармағына « I ата-ана, II ата-ана» деп тіркеген. Мұндай жаңалықтар кездейсоқтық жағдай емес. Литваның ата-аналар форумында «қауіпті» деген пікірге келді. Реналдс Янчайскас блогер осындай жаңалықтар қауіпті деп есептейді. Біздің түсінігімізше некедегі ерлер мен әйелдердің өсіп келе жатқан отбасының некесі біз үшін үйреншікті. Алайда, дәстүрлі емес бағыттағы адамдар, мәселен, бір жынысты адамдар олар өз пікірлерін қоғамға зорлап міндеттей алмайды.

Литва отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілерін жақын орта деп атайды. Олар мына тұлғалар: 1) некелік қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалар; 2) жекжаттық қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалар (жекжаттар); 3) серіктестік қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалар; 4) өзге де жақын қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалар; Осындай жекжаттық қарым-қатынас, некелік қарым-қатынас ұғымдардан «жақын орта» деген шеңбер пайда болды [57].

БҰҰ-ның Үлгілік заңында отбасы-тұрмыстық тұлғаларды атамайды, бірақ та бұл заң отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілерінің келесідей шеңберін көрсетеді:

- 1) әйелдер;
- 2) үй жұмыскерлері;
- 3) отбасылық және жақын қатынастармен байланысқан адамдар;

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қалған субъектілері құқық бұзушылық тәсілі бойынша көрсетіледі:

- 4) жыныстық белгі негізінде жасалған іс-әрекеттер;
- 5) қалыңдықты өтеп алу;
- 6) жыныс мүшелерінің жарақаты;
- 7) жезөкешілік арқылы пайдаланумен байланысты зорлық-зомбылық

[58].


Жоғарыда келтірілген мысалдар шет елдердегі отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілері туралы мәліметті басшылыққа ала отырып, кейбір ұғымдарды еліміздің құқықтық жүйесіне енгізе аламыз деген қорытындығы келеміз.

БҰҰ-ның Үлгілік заңында отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілеріне үй жұмыскерлерін атап өттік. Үй жұмыскерлері, үйде жұмыс атқаратын деген ұғымдарды елімізде отбасы-тұрмыстық субъектілері ретінде қарастыруға бола ма деген сұрақ туындайды.

2015 жылы 23 қарашадағы №414 Еңбек кодексінің 136 бабында «Егер жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) жұмыс берушінің пайда алуы және 4(немесе) жұмыс беруші үшін пайда алу мақсатында орындалмаса (көрсетілмесе), жұмыс беруші жеке тұлғаларда отбасының бір немесе бірнеше мүшесі жүргізетін үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындайтын (қызметтер көрсететін) жұмыскерлер үй жұмыскерлері деп танылады», ҚР Еңбек кодексінің 137 бабында сәйкес «Жұмыс берушімен жұмысты өз материалдарымен және өзінің немесе жұмыс беруші бөліп беретін не жұмыс берушінің қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарды, құрал-саймандар мен құрылғыларды пайдалана отырып, үйде жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасасқан адамдар үйде жұмыс істейтін жұмыскерлер деп есептеледі» [44].

Осы жоғарыда көрсетілген үй жұмыскерлері, үйде жұмыс істейтін жұмысшылар зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы мүмкін. Біздер бұл тұлғаларды отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілер қатарына жатқызуымыз керек. Себебі олар жұмыс берушінің үйінде немесе пәтерінде тұрып жатқан адамдар, және олар бірге тұратын адамдардың қатарына жатады. Үй жұмыскерлеріне мәселен, гувернантка, көлік жөргізуші, бақташы, бау-бақша караушы т.б тұлғаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық жұмыс берушінің тарапынан көрсетілуі мүмкін деген пікірге келеміз. «Бірге тұратын» немесе «бірге тұрған» тұлғалар арасында да жанжалдар жиі туындайды. Сол себептен, Заңда немесе кодификацияланған заңда отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілеріне қатысты ұғымдар жоқ.

1-сызба – Отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілері



Бірге тұратын немесе бірге тұрған ұғымдар ешқандай туыстық қатынасы жоқ отбасы-тұрмыстық қатынастың ұғымдарының кемшілігін байқауға болады. Жанжал пәтер иеленуші мен пәтер жалдаушылардың да арасында туындауы мүмкін. Бұл тұлғалар бірге тұратындарға жатқызамыз.

Сондықтан Қазақстанда Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» мамандандырылған заңында осы «бірге тұратын» немесе «бірге тұрған» ұғымдарына нақты түсінік керек. Не болмаса отбасы-тұрмыстық қатынастар субъектілерін нақты атап өтіп, көрсетілген ұғымдарды алу керек.

Қазақ әдеп-ғұрыпы бойынша құда, жекжат деген ұғымдар бар. Аталмыш тұлғалар арасындағы құқыққа қарсы жасалған әрекеттерге байланысты отбасылық жанжалға араласуы жиі кездесетін жайыт. Бірақ бізде көрсетілген ережеге сәйкес отбасыдағы ер адамның ата-анасы отбасылық-тұрмыстық қатынаста тұратын адамдар болып табылса, дәл осы жағдай қыздың ата-анасына байланысты қарастырсақ отбасылық-тұрмыстық қатынаста тұрмайтын тұлғалар болып табылады. Қарастырылған жағдайға байланысты отбасылық-тұрмыстық қатынаста тұратын тұлғалардың тізімін кең мағында қайта қарауды жүзеге асырып, толықтыру қажет деп санаймыз.

Әкімшілік құқық бұзушылық және тұрмыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтың субъектілері болып әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлғалар болып табылады [4].

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласын зерттеген мамандар мен ғалымдардың еңбегіне талдау жасасақ, отбасы –тұрмыстық қатынастар саласына мына тұлғаларды жатқызуға болады:

- 1) ресми немесе азаматтық қатынастарда тұратын адамдар;
- 2) жақын туыстар – алдыңғы және кейінгі ұрпақ (ата-ана, бабалары, атасы, әжесі, немерелері, ата-анасы бір (яғни әке мен анасы ортақ) және атаанасы бір емес аға-інілері мен қарындастары, апа-сіңілілері);
- 3) романтикалық немесе жыныстық қатынастарда анық тұратын немесе бұрын тұрған адамдар;
- 4) жекжаттар – неке-отбасылық қатынастар нәтижесінде пайда болған туыстар;
- 5) үй жұмыскерлері және үйде жұмыс істейтін жұмыскерлер;
- 6) бұрын бірге тұрған-тұрмағанына қарамастан ортақ баласы (балалары) бар адамдар.

ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туралы» Заңының 1-бабының 1-бөлімінің 2) тармақшасына сәйкес отбасы-тұрмыстық- қатынасқа түсетін нақты субъектілерді анықтау үшін бірге тұратын немесе бірге тұрған сөздерінен кейін **«жақын орта адамдары»** деген ұғымын енгізуді ұсынамыз:

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 1-бабының 1 бөлімінің 2 тармақшасына жаңа анықтама:

«Отбасы -тұрмыстық қатынастар-ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлізайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған жақын орта адамдары, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар», мұндай анықтама отбасы-тұрмыстық қатынастардың қандай

тұлғалар арасында құқық бұзушылықтардың пайда болуын нақты анықтау үшін мүмкіндік береді.

ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабы «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» ескертпесінде көрсетілгендей - осы Кодекстің мақсаты үшін отбасы-тұрмыстық қатынастар деп ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар түсіндіріледі [4].

ҚР Неке және отбасы туралы кодекстің 1-таруы, 1-бөлімі, 13-тармағында; «жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер»; - делінген [41].

Осы орайда ҚР ӘҚБтК 73 бабының ескертпесіне толықтыруларды ұсынамыз: ерлі-зайыптылар, олардың ата-аналары және бауырлары (ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар) толықтыруды ұсынамыз. Себебі ерлі-зайыптылардың туыстары да туыстық қарым қатынастан тұрады.

Субъективті жағы ниет түрінде көрінеді. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның зиянды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалды деп танылады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негізсіз олардың алдын алуға болады деп ұшқары ойласа не тиісті назар салған және көре білген жағдайда, олардың алдын алуға тиіс және солай ете алатын болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады

2-тармағы осындай құқық бұзушылықты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73 (1) тармақшасына сәйкес әкімшілік жаза қолданылғаннан

кейін бір жыл ішінде жасау. Яғни, кінәлінің әрекетін осы тармақпен саралау үшін, осы әрекеттің қайталануы маңызды болып табылады.

3-бөлімде құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік айыппұл түріндегі жауапкершілік қарастырылған (жүкті әйелдер мен он төрт жасқа толмаған балалары бар әйелдер, он сегіз жасқа толмаған адамдар, 1 және 2 топтағы мүгедектер, сондай-ақ елу сегізден асқан әйелдер мен ер адамдар алпыс үш жастан жоғары) әкімшілік әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 50-бабына сәйкес әкімшілік қамауға алу қолданылмайды.

ҚР ӘҚБтК 73-1-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру

1. «Денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер – ескерту жасауға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші және (немесе) 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді» [4].

Бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың тікелей объектісі денсаулық болып табылады, оның құқықтық қорғалуы Қазақстан Республикасының Конституциясынан басталады. Бұл құқықбұзушылықтың объективті жағы бірқатар дизайнерлік ерекшеліктерге ие.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес "денсаулық" термині аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәндік, рухани (психикалық) және әлеуметтік саламаттылық жай-күйі [45].

Жалпы мағынада денсаулыққа зиян деп қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсерінен туындайтын органдардың (тіндердің) немесе олардың физиологиялық функцияларының (дене жарақаттарының) анатомиялық тұтастығының бұзылуы немесе аурулар немесе патологиялық жағдайлар түсініледі: механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психогендік және т.б. денсаулықтың бұзылуына немесе өліміне әкелетін медициналық көмек көрсетудегі ақаулардан туындайтын дәл осындай салдар.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 «Сот-сараптама органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерін ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мүгедектіктің екі түрі ажыратылады:

жалпы мүгедектік – адамның белгілі бір өнім, өнім немесе қызмет түріндегі әлеуметтік маңызды нәтиже алуға бағытталған туа біткен және сатып алынған қабілеттерінің жиынтығы;

еңбекке қабілеттілік – еңбекке ақы төлеу және біліктілік тұрғысынан кәсіпте немесе оған теңестірілгенде жұмыс істеу қабілеті [46].

Өз кезегінде денсаулықты бұзу дегеніміз организмнің анатомиялық тұтастығын немесе физиологиялық функциясын бұзу болған кезде белгілі бір жарақатқа немесе ауруға байланысты жергілікті және (немесе) жалпы сипаттағы ауырсыну белгілері анықталатын ағзаның жай-күйі.

Диспозицияға сәйкес, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бұл әкімшілік құқық бұзушылық құрамы жалпы еңбекке жарамсыздықты қамтиды.

Бұл диспозицияның конструктивті элементі - бұл бұзылу және мүгедектік термині.

Әдетте, денсаулыққа шамалы зиян келтіру белгілері:

1) денсаулықтың қысқа мерзімді бұзылуы - үш аптадан аспайтын мерзімге - 21 күннен аспауы керек;

2) жалпы мүгедектіктің шамалы тұрақты жоғалуы - 10 пайыздан аз.

Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын бағалауды сот-медициналық сараптама құрамындағы сарапшы медициналық куәландыру арқылы жүргізеді.

Сондай-ақ, денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесін сараптау медициналық құжаттарға сәйкес (стационарлық карта, амбулаториялық науқастың картасы картасы және басқа да медициналық құжаттар) зақымдану сипаты мен оның клиникалық барысы туралы толық мәліметтерді қамтитын құжаттары толық болған кезде жүргізілуі мүмкін.

Денсаулыққа аздап зиян келтіруі іс-әрекет немесе әрекетсіздік арқылы болуы мүмкін. Денсаулыққа немесе денсаулыққа зиян келтіру немесе мүгедектік арасындағы зиян арасындағы себепті байланыс міндетті түрде анықталуға жатады.

Субъективті жағы тек ниетпен ғана білдірілуі мүмкін, яғни, кінәлі адам өзінің іс-әрекеттерінің әлеуметтік қауіпті сипатын біліп, зиянның басталуын алдын-ала білуі керек.

Қарастырылған жағдай норманың 2-бөлігінде осындай құқық бұзушылық үшін жыл ішінде бірнеше рет жауаптылық қарастырылған. Бұл ретте көрсетілген мерзім оның алғашқы жасалғандығы үшін әкімшілік жаза қолданылған кезден басталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін 20 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу түріндегі жаза қарастырылған.

Қарастырған жағдай норманың 3-бөлігінде кінәлілердің жеке санаты үшін жауапкершілік белгіленеді, оларға қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза қолданылмайды. Олар:

Жүкті әйелдер

Он төрт жасқа толмаған балалары бар әйелдер;

- он сегіз жасқа толмаған адамдар;

- 1 және 2 топтағы мүгедектер;

- елу сегіз жастан асқан әйелдер;

- алпыс үш жастан асқан ер адамдар;

- он төрт жасқа толмаған балаларды жалғыз тәрбиелейтін ер адамдар [4].

Адамдардың аталған санаттары үшін денсаулыққа шамалы зиян келтіргені үшін жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1-бабының 3-бөлігі бойынша туындайды, ал қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-2-бап. Ұрып-соғу.

1. «Тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер – ескерту жасауға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші және (немесе) 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын

адамдар жасаған әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді» [4].

Бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі – бұл адамның денсаулығы, оның физиологиялық жағдайы мен әл-ауқаты. Түсіндірілген нормаға сәйкес кез-келген адам жасы, жынысы немесе кәсіп түріне қарамастан құрбан бола алады.

Бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағы тек іс-әрекетте көрініс табуы мүмкін, өйткені ол мынандай:

- ұру;
- басқа да зорлық-зомбылық актілері.

Сонымен қатар, объективті жағының екі белгілері үшін физикалық ауырсыну түріндегі нәтиже міндетті болып табылады.

Ұрысулар зақымның ерекше түрін жасамайды. Бұл жағдайда ұру деп бірнеше рет соққы беру түсініледі, нәтижесінде органдардың анатомиялық тұтастығына зақым келмейді немесе аз уақытқа созылатын денсаулықты жеңілдетеді. Егер ұрып-соғу нәтижесінде жәбірленушінің денесінде жарақат қалса, денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығына қарай әдеттегі белгілерге сүйене отырып бағаланады. Егер ұрып-соғу ешқандай объективті із қалдырмаса, сот сарапшысы өз қорытындысында жәбірленушінің шағымына назар аударып, зақымданудың объективті белгілері табылмағандығын айтады.

Басқа да зорлық-зомбылықтар қолды қысу және бұрау, дене бөліктерін қысу, теріні қысу немесе бұрау, байлау немесе тұншықтыру, тістеу, химиялық немесе жылу эффектілері, механикалық құрылғылардың, жануарлардың немесе жәндіктердің көмегімен ауырсыну тудыруы мүмкін.

Әрекетті «ұрып-соғу» санатына жатқызудың маңызды шарты - Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1-бабында көрсетілген, яғни денсаулыққа шамалы зиян келтіретін салдарлардың болмауы.

Түсіндірілген нормада бекітілген әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі жалпы болып табылады, яғни 16 жасқа толған есі дұрыс кез келген адам болады.

Бұл қылмыстың субъективті жағы кінәлілікке тікелей ниет түрінде көрінеді. Адам өз әрекетінің заңсыз сипатын біледі, жәбірленушіге зиянды алдын-ала күтеді және осы зиянды салдардың пайда болуын тілейді.

Қарастырылған норманың 2-бөлімі бірінші актісі үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы актіні қайталап жасағаны үшін жауаптылықты көздейді.

Қайта санкция он бес күнге дейін әкімшілік қамауға алуды көздейді. 3-бөлім Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 50-бабына сәйкес әкімшілік қамауға алу қолданылмайтын адамдар бірнеше рет ұрып-соққаны үшін жауапкершілікке арналған, оған мыналар кіреді:

жүкті әйелдер;

он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдер;

он сегіз жасқа толмаған адамдар;

1 және 2 топтағы мүгедектер;

елу сегіз жастан асқан әйелдер;

алпыс үш жастан асқан ер адамдар;

он төрт жасқа дейінгі балаларды жалғыз тәрбиелейтін ер адамдар.

Аталған бөлімді қорытындылай келе, келесідей тұжырым жасаймыз:

Отбасы-тұрмыстық қарым қатынасын сол отбасында бірге тұратын жандармен отбасылық қатынасқа түсетін, ортақ өмір сүру орны белгіленген, олармен туыстық қатынаста тұратын қарым қатынас құрамы болып табылады. Яғни, отбасы дегенде екі немесе одан да көп адамдар тобы көз алдымызға елестейді. Осы бөлімді талдау барысында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1 бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2 бабы «Ұрып-соғу» баптарына 4 бөлігі ретінде;

ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туралы» Заңының 1-бабының 1-бөлімінің 2) тармақшасына сәйкес отбасы-тұрмыстық- қатынасқа түсетін нақты субъектілерді анықтау үшін бірге тұратын немесе бірге тұрған сөздерінен кейін «жақын орта адамдары» деген ұғымын енгізуді ұсынамыз:

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 1-бабының 1 бөлімінің 2 тармақшасына жаңа анықтама:

«Отбасы – тұрмыстық қатынастар ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлізайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған жақын орта адамдары, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар», мұндай анықтама отбасы-тұрмыстық қатынастардың қандай тұлғалар арасында құқық бұзушылықтардың пайда болуын нақты анықтау үшін мүмкіндік береді.

Біз ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабындағы «тыныштығын бұзатын» деген сөзінен кейін «жеке тұрғын үйде», «пәтерде» немесе «өзге де тұрғынжайда жасалған» деген сөздерді алып тастау қажет деп ойлаймыз, өйткені үйден не пәтерден тыс жерлерде (бау-бақшада, жұмыста, гаражда және т.б.) жасалған отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабы бойынша ұсақ бұзақылық болып сараланады.

2.2. Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырудың мәселелері

Қазіргі таңдағы отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында құқыққа қарсы әрекеттер бойынша қаралатын істерді Жоғарғы Сот жүргізген талдау көрсеткендей, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша істердің көпшілігін соттар қарау сатысында тоқтатады. «Әдетте, сотта дауласушы тараптар бір-бірімен татуласып, іс жүргізуді тоқтату туралы бірлескен арыз береді. Татуласу жәбірленуші мен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам қол қойған жазбаша келісім негізінде жүзеге

асырылады. Көптеген жағдайларда жәбірленушілер (көбінесе ерлі-зайыптылар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабында көзделген іс жүргізуді қозғау үшін ішкі істер органдарына арыз беру құқығын теріс пайдаланады деп есептеуге негіз бар. Тараптардың ашу үстінде полицияға хабарласқанымен кейіннен сотта демонстрациялық кешіріммен татуласып жататын жағдайат көп кездеседі.

Әкімшілік материалдардың 60%-дан астамы тараптардың татуласуы нәтижесінде тоқтатылады. Отбасы-тұрмыс саласындағы құқық бұзушылық фактілері бойынша осы шараны түзету, учаскелік полиция инспекторларына «жанжалқойды» баспанадан қысқа мерзімге, мысалы 10 тәулікке көші-ру құқығын беру мүмкіндігін қарау ұсынылады. Осы ұсыныстар «Отбасы, тұр-мыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасының шеңберінде пысықталуда [47].

Көптеген жағдайларда жәбірленушілер (көбінесе ерлі-зайыптылар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабында көзделген іс жүргізуді қозғау үшін ішкі істер органдарына арыз беру құқығын теріс пайдаланады деп есептеуге негіз бар. Тараптардың ашу үстінде полицияға хабарласқанымен кейіннен сотта демонстрациялық кешіріммен татуласып жататын жағдайат көп кездеседі. 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында 1909 іс қаралып сотта 1036 іс сотта татуласу тәртібімен істер қысқартылған.

Тараптарды татуластыру кезінде болашақта мұндай фактілерді болдырмау үшін құқық бұзушыларға қандай да бір ықпал ету шараларын қолдану, мүмкін емес. Көбінесе бұл тараптар кезекті тұрмыстық жанжалдан кейін қайтадан сотқа түседі. Сонымен қатар, жәбірленушілер отбасылық, туыстық қатынастарды сақтау мақсатында құқық бұзушымен татуласуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қысқарту туралы арызбен сотқа өздері жүгінеді. Осы санаттағы істерді қарау кезіндегі проблемалық мәселелердің бірі отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған

адамдардың мінез-құлқына ерекше талаптарды қолдану бөлігінде заңнаманың жеткілікті деңгейде жетілмегендігі болып табылады. Белгілі болғандай, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде сот процеске қатысушылардың немесе ішкі істер органдарының өтінісхаты бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде сот іс жүргізу құқығындағы адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуі мүмкін, үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты» [4].

. Құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптардың қолданылу кезеңінде оның ішкі істер органдарына айына бір реттен төрт ретке дейін профилактикалық әңгімелесуге келуі талап етілуі мүмкін. Алайда, олар іс жүзінде толық жүзеге асырылмайды, өйткені бұл шаралар қолданылғаннан кейін, әдетте, адамдар ортақ балалары болғандықтан және осыған ұқсас құқық бұзушылықты бірнеше рет жасағандықтан, бірге тұруды жалғастырады. Сонымен қатар, көп жағдайда отбасындағы әлсіз зардап шеккендердің денсаулығына зиян келтіреді. Алайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте мұндай істер бойынша кінәлілердің жауапкершілігін қарастыратын жеке бап жоқ.

Осыған орай, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын арнайы талаптарды орындамағаны үшін, сондай-ақ отбасы және отбасы саласында денсаулыққа зиян келтіргені үшін жауаптылық жетілдірілдіруді жөн деп санаймыз. Қазақстанда жүргізіліп жатқан теңгерімді гендерлік саясат тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға ықпал етеді. Құқық қолдану тәжірибесіндегі ерекше мәселелер мыналарға қатысты әкімшілік қамауға алу мерзімін қарастырады.

- Біріншіден, ӘҚБтК-нің 787-бабының жаңа редакциясы қарастырылған құқық бұзушыларды 3 сағатқа дейін және ерекше жағдайларда ғана ұстау; диспозицияда тікелей 48 сағатқа дейін қарастырылған.

- Екіншіден, бұл бап әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігін жоққа шығарады әкімшілік құқық бұзушылық үшін 48 сағатқа дейін қамауға алу, санкциясында әкімшілік қамауға алу қарастырылған баптарға сәкес қолданылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс жобасының бастапқы редакциясында дәлелденген, әкімшілік қамаққа алу түріндегі санкцияны қарастырды.

Құқық қолдану практикасында кейде ҚР ӘҚБтК-тің «Ұстап алынған адамның бас бостандығы ұстап алған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдер орындалуына қарамастан, шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстап алу мерзімінің басталуы болып табылады.

Масаң күйдегі адамға қатысты әкімшілік ұстап алу мерзімі – медицина қызметкері оны айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі. Нақты ұстап алу уақытынан бастап үздіксіз есептелетін үш сағаттың өтуі осы мерзімнің аяқталу кезі болып табылады» - делінген[4].

Азаматтардың бостандығын нақты шектеудің басталуы дегенді қалай түсінген жөн? Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды нақты ұстау уақыты қашан басталады? Бұл сұрақтарға жауап ҚРӘҚТК-тің 788-бабының 7-бөлігінде тура көрсетілген: «Әкімшілік ұстап алуға ұшыраған адамдар арнайы бөлінген, санитариялық талаптарға сай келетін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігі болмайтын үй-жайларда ұсталады». Яғни, ПО-ға жеткізілген адам арнайы үй-жайдың (әкімшілік тәртіппен ұсталған адамдарды ұстайтын бөлменің) табалдырығын аттағанша оның бостандығы нақты түрде шектелмеген, сондықтан әкімшілік ұстау мерзімі ол арнайы үй-жайға орналастырылған сәттен бастап есептелуі керек. Адаммен қызметтік үй-жайда (ПО қызметкерінің кабинеті, учаскелік полиция пункті) жұмыс істеу ПО қызметкерлері ұстаған емес, жеткізген құқық бұзушымен істі анықтау ретінде қаралуы керек.

Отбасылық-тұрмыстық қарым қатынастағы құқыққа қарсы әрекетерге байланысты құқық бұзушыны тек үш сағатқа ғана ұстауды жүзеге асырылады.

ҚР ӘҚБтК 789-бабының 1 бөлігіне сәйкес көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және үш сағаттан ұзақ болмауы керек. Құқық бұзушының қатты масаң күйі сауықтыру, медициналық мамандармен куәландырылғаннан кейін үш сағат көрсетіледі. Осылайша, көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу толық деңгейде жүзеге асырылмауда.

Сонымен, ӘҚБтК -нің жоғарыдағы 789-бабының шарттарына сәйкес ұстап алу уақытына құқық бұзушыны полиция кеңсесіне жеткізетін уақыт аралығы да кіреді. Қазіргі таңда қалалық және кейбір аймақтарға байланысты планшеттік хаттама толтыруды жүзеге асыра алсада, ал шалғай елді мекендерде әлі де қағаз хаттама толтырылады. Жалпы 3 сағаттық ұстаудың екі тұрғыдан алып қарасақ та іске байланысты берер кері әсері аз емес екендігіне көзіміз жетті:

- Біріншіден айтып өткендей хаттама толтырылатын аймаққа жеткенше 3 сағат өтер болса біз отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет жасаған құқық бұзушыға байланысты хаттама толтырмастан жіберуімізге тура келеді.

- Екіншіден отбасылық жанжал шығарған адамның толық масаң күйден сауықпай 3 сағаттан кейінгі қайта жіберлуді талап ететін жағдай, отбасындағы құқыққа қарсы әрекеттердің қайта ушығуына әкеп соқтыратыны бәрімізге мәлім.

Ал ӘҚБтК 788-бабының 7-тармағына да қайшылықтар бар ҚР ӘҚБтК, онда «Әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғалар қамауға алынғандар, арнайы бөлінген үй-жайларда ұсталады...».-делінген. Яғни, адам ұсталған кезде солай түсіндірілуі керек әкімшілік құқық бұзушылық, арнайы табалдырығын аттамайды үй-жайлар (мекемелер), оның мәртебесі тұлға ретінде қарастырылуы керек, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталмаған. Алайда, Үкіметтің 2017 жылғы 30 маусымдағы №398 «өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» құқық бұзушыны қамауда ұстау мерзімін 24-ке дейінгі мерзімге ұлғайту, көзделген

баптың санкциясында әкімшілік қамауға алу түріндегі жаза түрі қарастырылса [48]. Себептері не үшін екені белгісіз 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған 48 сағатқа дейін қамауға алу мерзімі қайтарылмады.

Жеткізу әкімшілік құқық бұзушылық істері сонымен қатар өндіруді қамтамасыз ету шараларына жатады. Жеткізу әкімшілік шара ретінде мәжбірлеу шарасы болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, адам ӘҚБтК-нің 786-бабы бірінші бөлігінің 1), 3), 4), 5), 7) тармақшаларында және екінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасаған жағдайларда егер хаттаманың жасалуы не қорғау нұсқамасының шығарылуы міндетті бола тұра оларды сол болған жерінде жасау мүмкін болмаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару мақсатында жеке адамды, заңды тұлғаның өкілін, лауазымды адамды, сондай-ақ көлік құралдарын, кемеңі және құқық бұзушылық жасаудың басқа да құралдарын мәжбүрлеп алып келуді білдіреді. Құқық бұзушының мемлекеттік органдар өкілдерінің әкімшілік құқық бұзушылық жасауды тоқтату туралы заңды талаптарына немесе өкіміне бағынудан бас тартуы қосымша негіздердің бірі болып табылады. Басқа жағдайларда көрсетілген қауіпсіздік шарасын қолдануға жол берілмейді [49].

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау қосымша себептердің бірі құқық бұзушының заңды талаптарын орындаудан бас тартуы немесе мемлекеттік органдар өкілдерінің тоқтату туралы өтінішін орындамауы [50].

Яғни, учаскелік полиция инспекторы құқық бұзушылық жасаған тұлғаға байланысты хаттама толтыруға ҚР ӘҚБтК 73-бабы «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2-бабы «Ұрып-соғу», 461-бабы «Қорғау нұсқамасын бұзу» және 669-бабы «Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау» әрекеттеріне байланысты хаттама толтыру немесе қорғау нұсқамасын шығару мүмкіндігі болса, содан

кейін құқық бұзушыға байланысты жеткізуді жүзеге асырыуға жол берілмейді. Көрсетілген жағдайға байланысты ӘҚБтК 786-бабы «Жеткізу» Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ хаттаманың жасалуы міндетті болып, оларды әкімшілік құқық бұзушылық анықталған жерде жасау мүмкін болмаған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару мақсатында жеке тұлғаны, заңды тұлғаның өкілін, лауазымды адамды, ал осы баптың 1), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда көлік құралын және құқық бұзушылық жасаудың басқа да құралдарын және қарастырылған жағдайға байланысты аталмыш баптың екінші бөлігінде де қарастырылмаған.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында құқыққа қарсы жасалған әрекеттерге байланысты тек жәбірленушінің арызымен ғана іс қозғалатыны мәлім. Бұл жағдай қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында жасалатын құқыққа қарсы әрекеттер аясында жасалатын құқық бұзушылық жасалған жәбірленушілердің тек 7% ғана полицияға арызданады екен. Бұл жай қоғамдағы ауыр дерттің бірі. Қарастырылған мәселеге байланысты ҚР ӘҚБтК 64 – бабы «Әкімшілік жауаптылықтан тараптардың татуласуына байланысты босату» бойынша бірінші бөліміне байланысты ҚР ӘҚБтК 73 - бабы «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2-бап «Ұрып-соғу» баптарын аталмыш баптан алып тастауды ұсынамыз. Ұсынылатын өзгерістер арқылы отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқықтары на қарсы жасалатын әрекеттерге байланысты, отбасылық зорлық-зомбылықты алдын алуға мүмкіндіктер аясы кеңейе түсер еді.

Біздіңше ӘҚБтК-нің 786-бабына толықтырулар енгізілді. Бұрын тұрмыстық әкімшілік құқықбұзушылық бойынша жеткізу көзделген, заң шығарушы 1.01.15 дейін жарамды ӘҚБтК-нен шығарылды, өйткені жобада 73-баптарды ауыстыру көзделген. ӘҚБтК-нің 788-бабына өзгерістер енгізілсін

әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды ішкі істер органдарына әкімшілік жеткізу күнделікті өмір саласындағы құқық бұзушылық, атап айтқанда ӘҚБтК-нің 73, 73-1, 73-2 және 461-баптарына сәйкес жүргізілуі тиіс. 2009 жылдың желтоқсан айында отбасы-тұрмыстық салада құқық бұзған адамға қатысты алдын алудың шарасы ретінде қорғау нұсқамасы құқықтық институт ретінде пайда болды. 2020 жылы 73541 қорғау нұсқамасы шығарылса 2021 жылы бұл көрсеткіш 78832 дейін артқан. Осы орайда ескере кететін жағдай ҚР ӘҚБтК 461бабында «Қорғау нұсқамасын бұзу» - Ішкі істер органы шығарған қорғау нұсқамасын бұзу - ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады – делінген. Бірақ көрсетілген бап бойынша бір жыл ішінде отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет етуші адамның қайта жасауы на байланысты қатаңырақ жазалау қарастырылмаған. Аталған себептерге байланысты Қорғау нұсқамасының екінші бөлігі ретінде 2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – 15 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Қорғау нұсқамасы әкімшілік ұстау немесе Қылмыстық іс-жүргізудің кейбір аптарында көзделген бұлтартпау шарасының орнында мәжбүрлеу шарасы түрінде қолданылады. Алайда, осы қорғау нұсқамасының өзі бірнеше рет өзгеріске ұшырағанымен, сонда да толық жетілдірілген жоқ.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 18 ақпандағы № 175-V ҚРЗ Заңымен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» осы қорғау нұсқамасын әрі қарай дамыту туралы ұсыныс жасаған лауазымды тұлғалардың саны ұлғайтылды. Қорғау нұсқамасының мерзімін 10 тәуліктен 30 тәулікке дейін мерзімге прокуратураның қатысуынсыз ұзартуға рұқсат беру туралы міндетті болған [54].

Екіншіден, қорғау нұсқамасын тек қана жанжалдың құрбаны болған адамға ғана емес, осы зардап шегушінің кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз мүшелерін қорғау немесе күзету объектілері болып табылады.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы № 388-V ҚРЗ Заңымен қорғау нұсқамасын шығару өкілеттігі ПБ бастығы мен оның орынбасарларынан алынып, мұндай өкілеттікті ПО жергілікті полиция қызметінің бастығы мен оның орынбасарларына берілді [55].

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңына сәйкес жергілікті полиция қызметі бастығы ішкі істер органы бастығының орынбасары болып табылғандықтан оның құқық бұзушыға әсер етудің әкімшілік-құқықтық құралдарын қолдану бойынша юрисдикциялық өкілеттіктері артық болмауы тиіс [56].

ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының «Қорғау нұсқамасы» атты 20-бабының 1-бөлігінде: «1. Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік ұстауды жүргізу не Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 128-бабында көзделген тәртіппен ұстау үшін негіздер болмаған кезде» деп айтылған [1].

Осыған байланысты, қорғау нұсқамасын шығару өкілеттігі тергеу немесе анықтау жүргізетін тұлғаға берілуі қажет. Қорғау нұсқамасын жедел түрде қолдану үшін бұл өкілеттілікті ПБ-ң жедел кезекшісіне және әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау бөлімшесінің қызметкерлеріне беруге болады. Мәселен, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны түнгі уақытта ПБ-не жүгінсе және учаскелік полиция инспекторы орнында болмаса немесе жергілікті полиция қызметі бастығы не оның орынбасарының келуін күту керек емес. Осы аталған қолданыстағы Заңның 20-бабының 1 бөлігінен «қол қоюдан бас тартылған

жағдайда бұл жайында қорғау нұсқамасына жазылады» деген соңғы сөйлемді алып тастауды жөн деп санаймыз. Себебі тәжірибеде тұрмыстық зорлық көрсетуші қорғау нұсқамасына қол қоюдан бас тартқан жағдайлар кездеседі. Сондықтан ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 20-бабының бірінші бөлігінен «қол қоюдан бас тартылған жағдайда бұл жайында қорғау нұсқамасында жазылады» деген соңғы сөйлемді алып тастау қажет, себебі ол сол бөліктегі «негіздер болмаған кезде» деген сөздерге қайшы келеді. Жергілікті полиция қызметі қызметкерлері соның ішінде учаскелік полиция инспекторлары және кәмелетке толмағандар істері бойынша учаскелік полиция инспекторларды сұрастыру барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары қорғау нұсқамасының мәнін кейде түсінбейтінін және оның тиімділігіне сенбейтінін туралы пікірлерін білдірді. Бұл қорғау нұсқамасын шығару процесін қиындатады, ал прокуратура қызметкерлері жәбірленушінің пікірін есепке алмай қорғау нұсқамасын шығаруды отбасы –тұрмыстық қатынастар субъектілерінің заңды мүдделерін бұзу деп бағалайды.

Мәселен, отбасы-тұрмыстық зорлықтың құрбаны болған тұлға түнгі мезгілде ІІБ-не арызданса полиция қызметінің бастығын немесе оның орынбасарын күту қажет етпейді.

Жоғарыда келтірілген ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 18-бабының 2-бөлігімен қайшылықтарды жойғаны туралы көруге болады, өйткені оған сәйкес келетін жанжалдың құрбандарының арыз-шағымынсыз құқық бұзушылық жасалғанға дейін қорғау нұсқамасын шығаруға болады.

Сонымен, ІІО-ң қызметкерлері отбасы –тұрмыстық зорлықтың құрбаны болған адамның шағымынсыз құқық бұзушылық жасалғанға дейін қорғау нұсқамасын шығара алғанымен, осы зорлықтың құрбанының пікірін ескерту нұсқауға қайшы келеді. Сондықтан ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 20-бабының бірінші бөлігінен «жәбірленушінің пікірін ескере отырып» деген сөздерді алып тастауды ұсынамыз.

Әкімшілік бұлтартпау шаралары әкімшілік жауаптылық шараларымен тығыз байланысты және оның іс жүзінде жүзеге асырылу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, көбінесе олардың алдында болады.

Сәйкес түсінік әкімшілік ұғымына да қатысты спецификалық ерекшеліктерінің ішінде ерекше көзге түсетін жауаптылық келесісі:

- әкімшілік жауаптылық негізі болып табылады заңсыз деп танылатын әкімшілік құқық бұзушылық, кінәлі (қасақана немесе абайсызда) әрекет немесе әрекетсіздік жеке немесе заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік Кодексте әкімшілік жауапкершілік көзделген заңды тұлға жауапкершілік;

- әкімшілік жауаптылық субъектілері (бұдан туындайды жоғарыда аталған құқық бұзушылық анықтамасы) болуы мүмкін заңды тұлғалар.;

«Әкімшілік жаза» тұтастай және бір бөлігі ретінде бір-бірімен байланысты. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне сәйкес әрекет ету үшін (Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 73-бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2-бап «Ұрып-соғу» баптарына сәйкес хаттама толтырылады. Егер аталмыш баптардың бірімен жауаптылыққа тартылса және бір жыл ішінде қайта қайталауды жүзеге асырса 20 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынады, жүйелі түрде ұрып соғу орын алатын жағдайда ҚР ҚК-нің 110-бабына «Қинау» сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Жоғарыда көрсетілген құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда ПО қызметкерлерінің іс-әрекетінің келесі алгоритмін ұсынамыз.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хабарлама алғаннан кейін отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы 102 пультінде немесе ішкі істер органының қызметкерінің ұялы телефонына қоңырау түскенне кейін, сәйкесінше осы қақтығыс орын алған мекенжайға шығу керек хабарлама алынған әңгіме барысында толық аты-жөнін, тұрғылықты мекен-жайын және жанжалдың не 102 каналына қоңырау шалуының себебімен жағдайын анықтау керек;

2. Жағдайды зерттеп, талдау (қандай жағынан дене жарақаттары бар ма, кәмелетке толмаған балаларға қатысты ешқандай құқық бұзушылық орын аламады ма, көрсетілген мекен жайда атыс қаруы тіркелген тіркелмегендіне көз жеткізіп қарап тексеруі тиіс;

3. Мекенжайға келгеннен кейін істің барлық мән-жайын анықтау қажет, яғни қақтығыс қандай жағдайда болды қақтығыстың бастамасы неден бастау алды және кім агрессор екенін анықтау арқылы көрсетілген жағдайларға байланысты шешімін ұсыну қажет;

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау;

5. Құқық бұзушымен профилактикалық әңгіме жүргізу;

6. Жәбірленушімен (олармен) әңгіме жүргізіңіз, сонымен қатар жағдайдың одан әрмен ушығуына жол берілмейді және жеке шаралар қабылдау қажет алдын алу немесе кінәлі адамды әкімшілік жауаптылыққа тартуды жүргізу;

7. Егер жәбірленуші(лер) арыз жазуды шешсе, онда бабы бойынша арыз қабылданып Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің тиісінше баптарына сай әкімшілік хаттама жасалады. 73-бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» 1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер, 73-2-бап «Ұрып-соғу» 1-1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер, 461-бап «Қорғау нұсқамасын бұзу».

8. Өтінішті қабылдағаннан кейін қақтығыс болған сәттегі барлық көрген білген адамдардың барлығымен әңгімелесу қажет;

9. Егер адам орташа алкогольдік ішімдік жағдайында болса интоксикация, содан кейін уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына орналастырылады

10. Жеткізілгеннен кейін 24 сағатқа ұсталады, ұстау хаттамасы және жеке тінту хаттамасы жасалады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі No 1 қаулысына сәйкес [51].

11. Алдын алу мақсатында отбасында жанжал шығарған тұлға байланысты есепке алу арқылы «қорғау нұсқамасын» шығару.

12. Іс жүргізу барысында отбасыда құқық бұзушылық жасалған тұлғаға байланысты дағдарыс орындарына орналастырған жөн болып табылады. (Отандық әйелдерді қолдау орталығы) сіз мұнда біраз уақытты жасырын және қауіпсіз өткізе алады.

Дағдарыс орталықтары әйелдерге байланысты әртүрлі қызмет түрлерін көрсетеді,

- сенім телефоны;
- зардап шеккендерге психологиялық және құқықтық көмек көрсету;
- балаларға, зардап шеккендерге психологиялық көмек пен қолдау көрсету тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәгерлері (түзету, дамыту және профилактикалық жұмыстар);
- құжаттарды қалпына келтіруге көмек көрсету және т.б.

Қолданыстағы ӘҚБтК 786-бабын 1-1) осы Кодекстің 73 және 73-1, 73-2-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасалғанда - ішкі істер органдары қызметкерлері ішкі істер органына (полицияға); деп толықтырулар енгізу. Ұсынылатын толықтырулар бұған дейінгі ҚР 2001 жылы қабылданған ӘҚБтК 622-бапта көрсетілген.

Сонымен қатар ӘҚБтК 461-бабының 2 бөлігі ретінде «осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер» - деп толықтыруды ұсынамыз.

2.3 Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау мәселелері

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 40 бабына сәйкес әкімшілік жаза осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және мұндай құқық бұзушылық жасаған тұлғаны құқықтары мен бостандықтарынан ӘҚБтК көзделгендей айыруды немесе олардың шектелуін қамтиды.

Әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға дене азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян келтіруді мақсат тұтпайды.

Әкімшілік жаза мүліктік залалдың орнын толтыру құралы болып табылмайды. Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның орны осы Кодекстің 59-бабында «Әкімшілік құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу» көзделген тәртіппен толтырылады[4].

Отбасы тұрмыстық қатынастар саласында орын алатын құқықбұзушылықтар үшін ӘҚБтК 73-бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» 1-1. «Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер», 73-2-бап «Ұрып-соғу» 1-1. «Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер» баптарының санкцияларына сәйкес, әкімшілік жаза ретінде ескерту, қамаққа алу және айыппұл төлеу қолданылады. ӘҚБтКтің 42-бабына сәйкес, ескерту жасау, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамаққа алу негізгі әкімшілік жазалар ретінде қолданылады.

Қазіргі таңда отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында жасалатын құқықбұзушылықтардың басым көпшілігіне ескерту жасау түріндегі жаза түрі тағайындалады.

Ескерту жасау түріндегі жауаптылыққа тартылатын адамдар тобы өзге екі жауаптылықпен салыстырғанда едәуір көп. 2020 жылы ескерту жасау түріндегі жаяуаптылық тағайындалған құқық бұзушылар саны 672. Дәлірек тоқталар болсақ 73-бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» байланысты - 354, 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» 1-1 Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттерге байланысты - 221, 73-2-бап «Ұрып-соғу» 1-1 Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттерге байланысты -97 құқық бұзушыға тағайындалған. Бұл көрсеткіштер 2021 жылығы жауаптылыққа тартылғандармен салыстыра қарасақ аз. 2021 жылы ескерту жасау түріндегі жаяуаптылық тағайындалған құқық бұзушылар саны - 1666. Дәлірек тоқталар болсақ 73-бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» байланысты - 884, 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» 1-1 Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттерге байланысты - 664, 73-2-бап «Ұрып-соғу» 1-1 Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттерге байланысты - 118 құқық бұзушыға қатысты тағайындалған жаза түрі.

Ескерту жасау түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау ҚР ӘҚБтК 892-бабы «Ескерту жасау түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау», 823 – бабы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны жариялау және қаулының көшірмесін тапсыру» баптарына сәкес жүзеге асырылады.Ескерту жасау негізгі әкімшілік жаза ретінде ғана

қолданылуы мүмкін (ӘҚБТК-нің 42-бабының «Әкімшілік жазалардың негізгі және қосымша шаралары» бірінші бөлігі) және қандай да бір қосымша жазаларсыз дербес қолданылуға жатады. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болып табылған зат тәркілене отырып, ескерту немесе айыппұл салу түріндегі немесе қызметті тоқтата тұрумен жаза көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, оларды жасағаны үшін қосымша әкімшілік жаза тек әкімшілік айыппұлмен бірге тағайындалады [77].

44-бап. Әкімшілік айыппұл

Әкімшілік айыппұл (бұдан әрі – айыппұл) – осы бөлімнің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезде қолданыста болған заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу [4].

Әкімшілік айыппұл – жалпы әкімшілік жазаның ең көп таралған түрлерінің бірі, өйткені ол Әкімшілік құқық бұзушылықтардың көпшілігі үшін әкімшілік жауаптылық шарасы ретінде қарастырылған. Әкімшілік айыппұл қазіргі таңда 73-бап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» және 73-2-бап «Ұрып-соғу» баптарының 3-бөлімдерінде ғана айыппұл түріндегі жауаптылық көрсетілген. Үшінші бөлім «Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер» - деп түсіндіріледі. Яғни айыппұл түріндегі жауаптылық отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында құқыққа қарсы әрекет жасаған, отбасылық-тұрмыстық қатынасқа тұратын адамға жеңіл дене жарқатын салу және отбасылық-тұрмыстық қатынаста тұратын адамдарды ұрып-соғу әрекеттерін жасаған мына тұлғаларға байланысты тағайындалатын жауаптылық түрі;

- 1) жүкті әйелдерге;
- 2) он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге;

- 3) он төрт жасқа толмаған балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектерге.
- 4) кәмелетке толмаған;
- 5) 1 және 2 топтағы мүгедектерге;
- 6) елу сегіз жастан асқан әйелдерге;
- 7) алпыс үш жастан асқан еркектерге [4].

Әкімшілік айыппұл түріндегі жаза түрін қолданыстағы ӘҚБтК 2019 жылдан бастап қолданыстан алынды, тек жоғарыда көрсетілген 3 бөлімдегі тұлғаларға байланысты тағайындалады.

Әкімшілік айыппұлды қолдану проблемасы қазіргі жағдайда ерекше өзекті болып отыр, өйткені қоғамдағы криминогендік жағдайдың шиеленісуіне байланысты қылмыстық қана емес, сонымен бірге әкімшілік-деликтілік заңнаманың қолданылу аясы кеңеюде, бұл әкімшілік теріс қылықтардың құрамы мен әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамдар санының өсуіне байланысты. Сонымен бірге әкімшілік айыппұл тағайындау туралы орындалмаған қаулылардың саны артып келеді, құқық қолдану қызметінде лауазымды адамдар осындай қаулыларды орындау кезінде жасаған заңдылықты бұзу фактілерінің саны азаймайды.

Әкімшілік-деликтілік заңнама практикасы айыппұл түріндегі жазаларды тиісінше іске асыруды мынадай проблемалар қиындататынын көрсетеді: құқық бұзушының жазаны орындаудан жалтаруы, қаңғыбастықпен айналысатын адамдардың, уақытша жұмыс істемейтін адамдардың, сондай-ақ тіркелген табысы төмен адамдардың төлем қабілетсіздігі.

Қазіргі жағдай әкімшілік айыппұл түрінде жазалау туралы қаулылардың орындалуын қамтамасыз етуге арналған органдар мен лауазымды тұлғалардың ұйымдастырушылық қателіктерінің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге құқық бұзушылардың белгілі бір бөлігін төлеуден жалтару нәтижесі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда ішкі істер органдарының әкімшілік айыппұл қолдану проблемасын зерттеудің өткір қажеттілігі туындады.

ӘҚБтК-нің 893-бабында «айыппұл салу туралы қаулыны ерікті түрде орындау» әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұлды қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс екенін көрсетеді.

ӘҚБтК 888-бабында көзделген кейінге қалдырылған жағдайда, айыппұл кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап төленуге жатады. (кейінге қалдыру, яғни мерзімді ұзарту қаулының орындалуы. Кейінге қалдыру өзіне қатысты қаулы шығарылған адамның қаулының орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыру туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның материалдық жағдайын ескере отырып, қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) айыппұл төлеуді үш айға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін).

Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынған айыппұлды кейіннен айыппұл салу туралы қаулы шығарған, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама берген судьяға немесе органға (лауазымды адамға) жазбаша нысанда хабарлай отырып, белгіленген тәртіппен жеке тұлға енгізеді немесе заңды тұлға мемлекеттік бюджетке аударады.

Айыппұлды өз еркімен төлемеген жағдайда, заңнамада белгіленген мерзім өткеннен кейін, ҚР ӘҚБтК-нің 894-бабына сәйкес "жеке тұлғаға, дара кәсіпкерге, жекеше нотариусқа, жеке сот орындаушысына және адвокатқа айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату", айыппұл салу туралы қаулыны сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) ұйымның әкімшілігіне, оның ішінде уәкілетті органға (лауазымды адамға) жібереді. Жауапқа тартылған адам жұмыс істейтін не сыйақы, зейнетақы, стипендия алатын жерде, айыппұл сомасын оның жалақысынан немесе өзге де кірістерінен мәжбүрлеу тәртібімен ұстап қалу үшін. Айыппұлды ұстап қалу алты айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Айыппұлды өндіріп алу кезектілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен жүргізіледі. Осылайша, ҚР ӘҚБК бабы санкциясы шегінде

және лауазымды тұлғаға берілген өкілеттіктер шеңберінде салынған әкімшілік айыппұл ҚР ӘҚБК 893-бабын орындамағаны, яғни қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 30 тәулік өткен соң айыппұлды өз еркімен төлегендіктен, табыстарды алған жері бойынша мәжбүрлеп ұстап қалу үшін жіберіледі.

Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемесе немесе айыппұлды жалақыдан немесе өзге де кірістерден өндіріп алу басқа себептер бойынша мүмкін болмаса, айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы Нұсқаманы қаулы шығарған сот, уәкілетті орган мемлекеттік сот орындаушысына заңнамада көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін жібереді.

Бүгінгі таңда әкімшілік құқық әкімшілік айыппұлды міндетті жұмыстарға ауыстыру мүмкіндігін қарастырған жағдайда, міндетті жұмыстарды тек әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалардың келісімі бойынша әкімшілік айыппұлдармен алмастыруға болатындығы көрсетілген.

Бұл жағдайда көптеген азаматтардың материалдық кірістерінің төмен деңгейін ескере отырып, айыппұл төлемей, қоғамдық жұмыстармен айналысқысы келетіндер жеткілікті болады.

50-бап. Әкімшілік қамаққа алу

Әкімшілік қамаққа алу - отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда осы бөлімнің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды.

Жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, 1 және 2-топтағы мүгедектерге, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастан асқан еркектерге және он төрт жасқа толмаған балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге әкімшілік қамаққа алуды қолдануға болмайды.

Әкімшілік ұстап алу мерзімі әкімшілік қамаққа алу мерзіміне қосылады. Әкімшілік қамау – қолданыстағы ӘҚБтК-де азаматтар үшін әкімшілік жазаның

ең қатаң түрі болып саналады. Барлық басқа түрлерден айырмашылығы-бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаның жеке бас бостандығын уақытша (30 тәулікке дейін, төтенше жағдай кезінде — 45 тәулікке дейін) шектеуді көздейтін жалғыз жаза [4].

2021 жылдың көрсеткіші бойынша Нұр-Сұлтан қаласындағы ӘҚБтК 73-бабына «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» сәйкес 1909 іс қаралса, 216 құқық бұзушыға байланысты әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза түрі тағайындалған.

ӘҚБтК 73-1-бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» бойынша 920 іс қаралып, 86 құқық бұзушыға байланысты қамаққа алу түріндегі жаза тағайындалған.

73-2-бап «Ұрып-соғу» байланысты 361 іс қаралып 37 құқық бұзушыға байланысты қамауға алу түріндегі жаза түрі тағайындалған.

Егер жазаның осы түрінің пайда болу тарихына жүгінсек, онда ол өз бастауын революцияға дейінгі Ресей империясының заңнамаларынан алады, ол «қылмыс» және «теріс қылық» ұғымдарын бөлмеді. Бұл ұғымдар және оларға сәйкес келетін ресейлік заң ғылымы мен заңнамадағы құқыққа қарсы әрекеттер 20 ғасырдың басына дейін «қылмыс» жалпы ұғымының әртүрлі түрлері ретінде түсіндірілді, олар үшін жауапкершілікті шектеу тек құқық қолдану тәжірибесінде, ең алдымен оларды жасағаны үшін қолданылатын жазалардың мөлшері мен мерзімдері бойынша жүргізілді. Осы жазалардың тізбесінің ішінде қысқа мерзімді қамауға алу қоғамдық қылмыстарға, ақшалай айыппұлдар мен қоғамдық жұмыстарға қарағанда, бірақ сілтеме, түрмеге қамау, каторгаға және өлім жазасына қарағанда неғұрлым қатаң жаза ретінде қаралды.

КСРО-да 1922 жылы бірінші кеңес Қылмыстық кодексі қабылданғаннан кейін қылмыстық қылмыстар мен әкімшілік теріс қылықтар заң жүзінде ажыратылған, әкімшілік жазалау шарасы ретінде тұтқындалған жоқ және 1941 жылға дейін кеңес юрисдикциялық практикасында әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қолданылған жоқ. Ол қайтадан КСРО Жоғарғы Кеңесі

Президиумының 1941 жылғы 22 маусымдағы «соғыс жағдайы туралы» Жарлығымен әкімшілік БҚпал етудің ерекше шарасы ретінде енгізілді. Таңқаларлық, бірақ қамауға алу әкімшілік теріс қылықтар үшін жауапкершіліктің ерекше шарасы ретінде Кеңес заң шығарушы әкімшілік қамауға алуды тек қылмыстық қылмыстармен шектесетін әкімшілік теріс қылықтардың бірнеше түрі үшін ғана пайдалануды көздеген факт.[52]

Әкімшілік қамау әкімшілік жауапкершілік шарасы ретінде ӘҚБТК көзделген әкімшілік жазаның басқа түрлерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Оның құқықтық мәні Кодекстің нормаларымен белгіленген мерзімге жеке тұлғаның еркіндігін уақытша шектеуге жатады.

Әкімшілік қамауға алынған адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған ішкі істер органдарының арнайы мекемесі қызметі «Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының қызметін ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ 2011 жылғы 23 мамырдағы № 232 бұйрығымен регламенттелетін арнайы қабылдау орны болып табылады [53].

Әкімшілік қамау әрқашан Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясы шегінде тағайындалады. Әкімшілік қамауға алу мерзімі тәулікпен есептелетін болғандықтан, заң шығарушының Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында көрсетілген әкімшілік қамауға алуды тағайындау туралы ұстанымын ескеру маңызды. Мысалы, жеке адамның құқығына және басқа да құқық бұзушылықтарға қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін санкциядағы әкімшілік қамауға алудың мөлшері «дейін» деген сөзбен айқындалған: үш тәулікке дейін, он тәулікке дейін, он бес тәулікке дейін, жиырма тәулікке дейін, отыз тәулікке дейін.

Санкцияда «дейін» деген тіркес бапты пайдалану сот әкімшілік қамауға алу мерзімін санкцияда көрсетілген ең жоғары мөлшерге дейін бір тәуліктен бастап тағайындауға құқылы екенін білдіреді.

Аталған жағдайларда судья жеке адамға өзінің жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, әкімшілік қамауға алуды тағайындауға міндетті.

Жеке тұлғаның жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар болмаған және ең болмағанда бір жеңілдететін мән-жайлар болған кезде әкімшілік қамауға алу нақты Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін баптың санкциясында көзделген ең жоғары әкімшілік қамауға алу мөлшерінде тағайындалмайды. Кодексте әкімшілік қамауға алуды тағайындау институты төменгі шектен төмен көзделмегенін ескеру қажет.

Заң шығарушы бір тәулік түріндегі әкімшілік қамауға алудың төменгі шегін белгіледі. Әкімшілік қамауға алу тәуліктерде тағайындалғандықтан және есептеледі, ол сағаттарда тағайындала алмайды. Басқа жағдайларда заң шығарушы баптың санкциясында әкімшілік қамауға алудың императивтік мөлшерін көрсетеді: он бес тәулікке, жиырма тәулікке, отыз тәулікке.

Бұл жағдайларда жеке тұлғаның жасаған әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын институт қолданылмайды, ал императивтік әкімшілік қамау нақты баптың санкциясында көрсетілген мерзімге қатаң тағайындалады.

Сот тағайындаған әкімшілік қамауға алу мерзімі бірінші тәуліктің нөл сағатынан есептелетін болады және соңғы тәуліктің жиырма төрт сағатында аяқталатын болады.

Заң шығарушы әкімшілік жаза тағайындау және әкімшілік жауаптылықтан босату кезінде өзге де құқықтық белгілері бар субъектілерді бөліп шығарады және әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындала алмайтынын көрсетеді:

- 1) жүкті әйелдерге;
- 2) он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге;
- 3) он төрт жасқа толмаған балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектерге.
- 4) кәмелетке толмаған;

- 5) 1 және 2 топтағы мүгедектерге;
- 6) елу сегіз жастан асқан әйелдерге;
- 7) алпыс үш жастан асқан еркектерге [4].

Әйелдің жүктілігі деп оның репродуктивті органдарында дамып келе жатқан эмбрион немесе ұрық болатын ағзаның ерекше жағдайы түсініледі. Жүктілік кезеңі соңғы етеккір күнінен бастап есептеледі және тек медициналық деректермен ғана емес, сонымен қатар әйел ағзасының сыртқы түрімен де расталады.

Әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті болып табылмайтын әйел жасаған, бірақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде немесе апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымды қараған кезде ол жүкті болып табылатын жағдай туындауы мүмкін.

Сондықтан әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындау мүмкіндігін көздейтін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде судья әйелден оның жүкті еместігін анықтауға және алынған деректерді сот отырысының хаттамасында көрсетуге міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әйелде бар бала 14 жасқа толмаған, ал әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сот қараған кезде балаға он төрт жасқа толған жағдай туындауы мүмкін. Бұл жағдайда әйелге әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындау жалпы негізде жүргізіледі.

Заң шығарушы әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза зейнеткерлік жасқа толмаған, он төрт жасқа толмаған бір немесе бірнеше баланы тәрбиелеп отырған ер адамға тағайындалмайды деп анықтады.

Егер ол әйелде азаматтық некеде (нақты неке қатынастарында) туған баланың жесірі немесе әкесі болса, не оның баланың анасымен некесі бұзылса, ер адам он төрт жасқа толмаған баланы тәрбиелейді деп есептеледі. Жас баланың әкесімен бірге тұруы және тәрбиеленуі маңызды. Егер әкесі мен баласы әкесінің ата-анасымен бірге тұратын болса да, кішкентай бала әкесінің тәрбиесінде болып саналады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасалған уақытта және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде оған он сегіз жасқа толмаған болса, адам кәмелетке (он сегіз жасқа) толмаған болып есептеледі. Жасөспірім туған күннен кейінгі тәуліктің нөл сағатынан бастап кәмелетке толған болып саналады.

Заң шығарушы әкімшілік құқық бұзушылық субъектісінің кәмелетке толмаған жасын ол Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған уақыттан бастап байланыстырады. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде адам 18 жасқа толмаған болса, ал әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралған күні мәртебесін өзгерткен және кәмелетке толған болса, онда оған әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін. «Қолдану» термині сот әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған және заңды қолданған, жасалған әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза тағайындаған кезеңді білдіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылық субъектісінің «мүгедектігі» термині әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде жеке тұлға белгіленген тәртіппен 1 немесе 2 топтағы мүгедек деп танылмағанын, сондай-ақ бұл адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде 1 немесе 2 топтағы мүгедек деп танылғанын түсінген жөн.

Әкімшілік құқық бұзушылық мүгедек емес, бірақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысымен адам мүгедек деп танылған жағдай туындауы мүмкін. Критерийлері анықтау үшін 1 немесе 2 топтағы мүгедектік белгіленген құқықтық актісінде көзделген. Бұл жағдайда адамға әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындалмайды.

Егер әкімшілік жауаптылыққа әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде зейнеткерлік жасқа жеткен ер немесе әйел тартылса, онда мұндай әкімшілік құқық бұзушылық субъектісіне әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындалмайды. Адам зейнеткерлік жасқа жеткен, ол үшін сол

адам туған тәуліктің нөл сағатынан бастап немесе заңда белгіленген күннен бастап, оның ішінде еңбек сіңірген жылдары бойынша есептеледі.

Мұндай адамға зейнетақы тағайындала ма, ол еңбек немесе кәсіпкерлік, педагогикалық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті жүзеге асыруды жалғастырып келе ме оның құқықтық маңызы жоқ.

Әкімшілік жаза тағайындау ӘҚБТК кодекстің 50-бабының 2-бөлігінде аталған субъектілерге жасалған әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза мынадай ережелер сақтала отырып тағайындалады:

Егер баптың санкциясы ескерту, әкімшілік айыппұл немесе әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза көзделсе, онда адамға оның жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріле отырып, ескерту немесе әкімшілік айыппұл түрінде ғана әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін.;

Егер баптың санкциясында әкімшілік қамауға алу түріндегі негізгі әкімшілік жаза және арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау, қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу, сондай-ақ шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу көзделген болса, онда әкімшілік қамауға алудың орнына баптың санкциясында қосымша жаза ретінде көрсетілген жаза;

Егер баптың санкциясы тек әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындауды көздесе, онда Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік қамауға алудың орнына баптың санкциясы тікелей әкімшілік жазаның осындай түрін көздеме, әкімшілік қамауға алудың орнына әкімшілік айыппұл тағайындалады. Бұл категориялар Кодекстің 50-бабының 2-бөлігінде және 32-бабында көрсетілген адамдарға ғана әкімшілік жаза тағайындаудың арнайы ережесі. Және бұл арнайы ереже бұл адамдардың жасалған әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатылмайтынын, ал әкімшілік қамауға алу әкімшілік айыппұлмен алмастырылатынын білдіреді.

Қорытындылай келе, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау мәселелесі, ол жауаптылыққа тартылатын тұлғадан әкімшілік айыппұлды өндіріп алу процесі.

Қазіргі таңдағы жағдайды ескере отырып Қорғау нұсқамасын шығаруды тараптардың татуласуына қарамастан шығаруды міндеттеуді ұсынамыз. Себебі, жауапкершілікке тартылған тұлғаның қаржылық жағдайына тікелей байланысты болғандықтан, айыппұл өндіру туралы қаулылардың көп жағдайда уақытылы орындалмауы қазіргі таңда көп кездеседі.

Сонымен қатар, Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау соның ішінде құқық бұзушының мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзу мәселесі өзекті болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Конституцияның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде санайды, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатал немесе адамның намысын қорлайтын әрекеттерге жол берілмейді, сондай ақ Конституцияның 27-бабында неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болатындығы айқындалған .

Алайда, қоғамда көптеген құқық бұзушылықтар, соның ішінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар жасалады. Бұл құқық бұзушылықтар балалар зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасы мүшелеріне ғана емес, сонымен бірге басқа да туыстарға, сондай-ақ олармен бірге тұратын жақын адамдарға да қатысты жасалады.

Осы орайда қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1 бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2 бабы «Ұрып-соғу» баптарына 4 бөлігі ретінде осы баптардың бірінші және 1-1 көзделген әрекет кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жасалса деп саралау белгілеріне толықтыру енгізуді ұсынамыз. Себебі, отбасында орын алатын құқық бұзушылық кәмелет жасқа толмаған балаға қатысты құқыққа қарсы іс әрекет жасайтын тұлғаны қатаңырақ жазалауға мүмкіндік береді.

Осы диссертациялық зерттеу барысында қойылған барлық міндеттер шешілді. Диссертацияның мазмұны зерттеу өзектілігін дәлелдейді. Жұмыста осы мәселені қамтыған ғалымдардың жұмыстары, шетел тәжірибелері талқыланды. Диссертациялық жұмысты талдау нәтижесі бойынша келесідей қорытындыға келеміз:

Отбасылық және тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу өте күрделі, бұл осы құқықбұзушылықтардың себептері мен жағдайларын анықтаудағы қиындықтармен, сондай-ақ оның әдістерінің толық жетілмегендігімен, сонымен қатар осы салада жасалған құқықбұзушылық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырудың келесідей мәселелері қарастырылды.

Отбасылық және тұрмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу шараларын әзірлеу кезінде барлық алдын-алу субъектілері қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы мінез-құлықты тудыратын себептер мен жағдайларға әсер ете отырып, өзара әрекеттесуі және үйлестірілуі керек.

Отбасындағы құқық бұзушылықты болғызбау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын оңалту жүйесін жақсарту, отбасылық, рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту, балалардың, әйелдердің құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау және жол бермеу туралы жаппай сананы қалыптастыру мақсатында отбасын нығайтуға, жалпы және жеке алдын алу шараларын ұштастыруға бағытталған келісілген шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру қажет.

Бірге тұратын немесе бірге тұрған ұғымдар ешқандай туыстық қатынасы жоқ отбасы-тұрмыстық қатынастың ұғымдарының кемшілігін байқауға болады. Жанжал пәтер иеленуші мен пәтер жалдаушылардың да арасында туындауы мүмкін. Бұл тұлғалар бірге тұратындарға жатқызамыз.

Сондықтан Қазақстанда Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» мамандандырылған заңында осы «бірге тұратын» немесе «бірге тұрған» ұғымдарына нақты түсінік керек. Не болмаса отбасы-

тұрмыстық қатынастар субъектілерін нақты атап өтіп, көрсетілген ұғымдарды алу керек. Қарастырылған жағдайға байланысты отбасылық-тұрмыстық қатынаста тұратын тұлғалардың тізімін кең мағында қайта қарауды жүзеге асырып, толықтыру қажет деп санаймыз.

ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың туралы» Заңының 1-бабының 1-бөлімінің 2) тармақшасына сәйкес отбасы-тұрмыстық- қатынасқа түсетін нақты субъектілерді анықтау үшін бірге тұратын немесе бірге тұрған сөздерінен кейін «жақын орта адамдары» деген ұғымын енгізуді ұсынамыз:

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 1-бабының 1 бөлімінің 2 тармақшасы ретінде және ӘҚБтК 73 – бабы «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» туралы бабының ескертпесіне ұсынамыз:

«Отбасы -тұрмыстық қатынастар-ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлізайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған жақын орта адамдары, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар», мұндай анықтама отбасы-тұрмыстық қатынастардың қандай тұлғалар арасында құқық бұзушылықтардың пайда болуын нақты анықтау үшін мүмкіндік береді.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласын зерттеген мамандар мен шет елдерге талдау жасасау арқылы отбасы –тұрмыстық қатынастар саласына мына тұлғаларды жатқызуға болады:

- 1) ресми немесе азаматтық қатынастарда тұратын адамдар;
- 2) жақын туыстар – алдыңғы және кейінгі ұрпақ (ата-ана, бабалары, атасы, әжесі, немерелері, ата-анасы бір (яғни әке мен анасы ортақ) және атаанасы бір емес аға-інілері мен қарындастары, апа-сіңілілері);
- 3) романтикалық немесе жыныстық қатынастарда анық тұратын немесе бұрын тұрған адамдар;
- 4) жекжаттар – неке-отбасылық қатынастар нәтижесінде пайда болған туыстар;
- 5) үй жұмыскерлері және үйде жұмыс істейтін жұмыскерлер;

б) бұрын бірге тұрған-тұрмағанына қарамастан ортақ баласы (балалары) бар адамдар.

Диссертациялық зерттеу азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау проблемасы өзекті болып қалатынын растады. Отбасылық-тұрмыстық салада қалыптасқан қоғамдық қатынастардың маңыздылығын ескере отырып, мемлекет оларды өзінің реттеуші әрекетінсіз қалдыра алмайды. Елдегі отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың тұрақты жоғары деңгейіне жету үшін, әкімшілік-құқықтық қорғаудың құқықтық құралдарын қолдану рөлін арттыруды қажет етеді. Осыған байланысты отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесудің әкімшілік-құқықтық құралдарын қолдану проблемалары өзекті болып табылады. Зерттеу аясында әкімшілік-құқықтық құралдар ұғымы анықталды және оларды әртүрлі критерийлер бойынша жіктеу жүзеге асырылды. Әкімшілік-құқықтық құралдар отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесуде басқа құралдардың арасында басым орын алады.

Қоғамдық қажеттілік пен Шет ел тәжірибелерін ескере отырып, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669 бабының жауаптылығын қатаңдатып 15 тәулікке дейін ұзартуды ұсынамыз.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 786-бабы «Жеткізу» бойынша 1 бөлігінің 8) тармағына жәбірленушінің өтініші бойынша деп қосуды ұсынамыз, яғни 8) өзге де әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде прокурордың тиісті тапсырмалары, жәбірленушінің өтініші бойынша не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамдар тарапынан өтініш болған кезде – ішкі істер органдарының қызметкерлері ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға жеткізуді, яғни мәжбүрлеп келтіруді жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген толықтырулар жәбірленушінің арыз жазудан бас тартқанына қарамастан отбасылық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер жасаған тұлғаны ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға жеткізуді және профилактикалық әңгімелесуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ҚР ӘҚБтК 64 – бабы «Әкімшілік жауаптылықтан тараптардың татуласуына байланысты босату» бойынша бірінші бөліміне байланысты ҚР ӘҚБтК 73 - бабы «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер», 73-1-бап «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», 73-2-бап «Ұрып-соғу» баптарын аталмыш баптан алып тастауды ұсынамыз. Ұсынылатын өзгерістер арқылы отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқықтары на қарсы жасалатын әрекеттерге байланысты, отбасылық зорлық-зомбылықты алдын алуға мүмкіндіктер аясын кеңейе түсер еді.

Әрбір мемлекет халықаралық қоғамдастықтың бір бөлігі бола отырып, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты жою бойынша құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де шараларды қабылдайды. Бұл шаралардың бірқатары біздің мемлекет үшін қызығушылық тудырады, мысалы, Германия, Беларусь Республикасы және басқа да бірқатар елдердің отбасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің кешенді және жан-жақты тәсілінің маңызды элементі болып табылатын арнайы түзету бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ отбасында қысым жасайтын отбасы мүшесін арнайы бөлмелерде (дағдарыс орталықтарында, дағдарыс бөлмелерінде және т.б.) оқшаулауға мүмкіндік беретін ұйым құру.

Сонымен қатар АҚШ тәжірибесінен өзімізге арнайы әзірленген түзеу бағдарламалары курстарына қатысу; ұзақтығы 3 айдан 12 айға дейін отбасындағы құқық бұзушылықтарды жоюға бағытталған ізгі іс шара болар еді.

Қорытындылай келе, біз қарастырған елдерде заңнама мен құқық қолдану қызметі отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы тұруға мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. Шетелдік

тәжірибенің жекелеген элементтерін Қазақстанда да пайдалануға жол беріледі. Алайда, тікелей көшіруді болдырмау және әртүрлі шаралардың қазақстандық тәжірибеге бейімделуіне терең талдау жүргізу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан Қатынау режимі https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazkstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyyn-kazakstan-2050 strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ https://kodeksy-kz.com/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/461.htm
5. Н.Нұрланұлы «Қазақтардың дәстүрлі отбасы және неке құқықтары»
6. М. А. .Сарсембаев Международное право в истории казахстана и средней азии Алма-Ата «Ана тілі» 1991г. С-200
7. С.З. Зиманов Общественный строй казахов первой половины 19 века, Издательство Академии наук КазССР, Алма-ата – 1958 г. С-293

8. Т.М.Культелеев Уголовное обычное право казахов, Алматы: Зерде-2015г. ст.-400
9. Сборник казахского адета . 1891г С-116
10. Ф.Энгельс Происхождение семьи, частной собственности и государства. М.195г. С-288
11. Ковалевский, М. М. Первобытное право. Выпуск первый. Род / М. М. Ковалевский. – Москва : Типография А. И. Мамонтова и К°, 1886. – 340 с. – Режим доступа: по подписке. – URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=69232> (дата обращения: 20.06.2021). – Текст : электронный. Описание киргиз-казачьих, орд и степей А. И. Левшина 1832 г.
12. Г.Қ. Кәдірқұлова, Қазақстан тарихы.А.,ҚАЗАқпарат, 2005ж 141-б
13. Г. Загряжский, Юридический обычай киргизов. О различных родах состояний и о правах им присвоенных. // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник, вып. 4, 1876 г.
- 14.
15. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010000155_
16. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_
17. Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 432 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі нормативтік құқықтық акті 2014 жылғы 15 тамыздағы № 9695 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009695>
18. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8

желтоқсандағы N 223-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_

19. Шергин, А.П. Понятие и содержание механизма административно-правового регулирования // Россия. –2009. -№ 1(5) -С.5.
20. Попов Л.Л. Убеждение и принуждение. Организационно-правовые и административно-правовые средства охраны общественного порядка в деятельности советской милиции / Московский рабочий, 1968. -С.9.
21. Симонова Е.А. Административно-правовые средства предупреждения правонарушений, совершаемых иностранными гражданами и лицами без гражданства: автореф. Хабаровск, 2010. -С.14.
22. Гольпяпина И.Ю. Административно-правовые средства обеспечения информационной безопасности в России: автореф. ..г. Омск, 2008. -С.12.
23. Бурак М.Н. Административно-правовые средства предупреждения правонарушений в сфере потребительского рынка: автореф. М., 2009. -С. 15.
24. Федчук, И.Л.Административно-правовые средства противодействия правонарушениям, совершаемым в сфере семейно-бытовых отношений: автореф. Минск, 2011. -С.4.
25. Жуйков А.В. Административно-правовые средства борьбы с наркоманией и их применение органами внутренних дел. г.Хабаровск, 2002. -С.14.
26. Сосновская,Ю.Н. Административно-правовые средства обеспечения паспортно-регистрационной системы в Российской Федерации: автореф. М.,2003. –24с.
27. Бахрах Д.Н. Административное право: Учебник для вузов / М.: Издательство НОРМА, 2000. -С. 800.
28. Куракин А.В. Административно-правовые средства предупреждения и пресечения коррупции в системе государственной службы. автореф. ..Люберцы, 2008. -С.33,65.
29. Артемьева Е.А. Административно-правовые средства противодействия антимонопольным правонарушениям: автореф. М.,2003. -С.12.

30. Малько А.В. Правовые средства как общетеоретическая проблема // Правоведение. –1999. -№2. -С.4-7.
31. Алексеев С.С.Общая теория права. 2009 г. Т.2. –С-576
32. Функция или реальный закон: Каковы шансы бытового насилия защитить себя в Казахстане (интервью) от 04.01.2018 года. <https://newtimes.kz/chelovek-i-zakon/65210-fiksiya-ili-realnyj-zakon-kakovy-shansy-zhertvy-bytovogo-nasiliya-zashchitit-sebya-v-kazakhstane>
33. Кардашевский В.В., журнал «Вестник Московского университета МВД России», 2016 год стр. 148-150. [Электронный ресурс]
[//https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnyy-opyt-protivodeystviya-semeynomu-nasiliyu/viewer](https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnyy-opyt-protivodeystviya-semeynomu-nasiliyu/viewer)
34. Шведова Н.А. Просто о сложном: гендерное просвещение. Домашнее насилие: международная практика. М., 2000, с. 274.
35. Гондольф Э.В. США: Исследования насилия в семье//Правоведение. 1997. 3.С. 110-114.
36. Кодекс Республики Беларусь об Административных Правонарушениях 91-3 от 06.01.2021 г. https://kodeksy-by.com/koap_rb.htm
37. Архипова А.С.:«Международный опыт противодействия семейному насилию»<https://cyberleninka.ru/>
38. О профилактике бытового насилия, защите и оказания поддержки жертвам бытового насилия: Закон Грузии от 25 мая 2006 №3143- IS.
39. Попов Л.Л. Убеждение и принуждение. Организационно-правовые и административно-правовые средства охраны общественного порядка в деятельности советской милиции / Московский рабочий, 1968. -С.9.
40. Сапаралиева С.М. Административно-правовые аспекты профилактики бытового насилия в Республике Казахстан //Vestnik KazNPU. — 2010. <https://articlekz.com/article/10461>

41. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
42. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet>
43. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
44. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
45. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 «Сот-сараптама органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерін ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015180>
46. <https://egemen.kz/article/255929-otbasyndaghy-qatygezdikti-qalay-azaytughabolady>
47. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80-VI ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000080>
48. О некоторых вопросах применения судами норм Общей части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях. /Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 22 декабря 2016 года № 12 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000012S>
49. Қосымша себептердің бірі құқық бұзушының заңды талаптарын орындаудан бас тартуы немесе тоқтату туралы мемлекеттік органдар өкілдерінің бұйрықтары әкімшілік құқық бұзушылық жасау

50. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 1 Нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000001S>
51. Указ Президиума СССР-дің 22.06.1941 жылғы отстельных местностях КСРО-ның саяси положения туралы хабарлау.
52. Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 232 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 22 маусымда № 7030 тіркелді.
53. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 18 ақпандағы № 175-V ҚРЗ Заңы
54. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 388-V ҚРЗ Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000388>
55. ҚР ПО туралы Заңы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>
56. В Литве нет теперь слова «мама» // <http://politikus.ru/events/4674-vlitve-terper-net-slova-mama.html>
57. О предупреждении насилия в семье: Закон Республики Таджикистан от 19 марта 2013 года №954 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31374104
58. Симонова Е.А. Административно-правовые средства предупреждения правонарушений, совершаемых иностранными гражданами и лицами без гражданства: автореф. Хабаровск, 2010. -С.14.

59. Гольпяпина И.Ю. Административно-правовые средства обеспечения информационной безопасности в России: автореф. ..г. Омск, 2008. -С.12.
60. Бурак М.Н. Административно-правовые средства предупреждения правонарушений в сфере потребительского рынка: автореф. М., 2009. -С. 15.
61. Федчук, И.Л.Административно-правовые средства противодействия правонарушениям, совершаемым в сфере семейно-бытовых отношений: автореф. Минск, 2011. -С.4.
62. Жуйков А.В. Административно-правовые средства борьбы с наркоманией и их применение органами внутренних дел. г.Хабаровск, 2002. -С.14.
63. Сосновская,Ю.Н. Административно-правовые средства обеспечения паспортно-регистрационной системы в Российской Федерации: автореф. М.,2003. –24с.
64. Бахрах Д.Н. Административное право: Учебник для вузов / М.: Издательство НОРМА, 2000. -С. 17.
65. Куракин А.В. Административно-правовые средства предупреждения и пресечения коррупции в системе государственной службы. автореф. ..Люберцы, 2008. -С.33,65.
66. Артемьева Е.А. Административно-правовые средства противодействия антимонопольным правонарушениям: автореф. М.,2003. -С.12.
67. Малько А.В. Правовые средства как общетеоретическая проблема // Правоведение. –1999. -№2. -С.4-7.
68. Алексеев С.С.Общая теория права... Т.2. -С. 27
69. Функция или реальный закон: Каковы шансы бытового насилия защитить себя в Казахстане (интервью) от 04.01.2018 года. Newtimes-kz.
70. Facebook [Электронный ресурс] // <https://ruru.facebook.com/ostanovinasilie/posts/950938841609001>.
71. Кардашевский В.В., журнал «Вестник Московского университета МВД России», 2016 год стр. 148-150.

72. Шведова Н.А. Просто о сложном: гендерное просвещение. Домашнее насилие: международная практика. М., 2000, с. 274.
73. Гондольф Э.В. США: Исследования насилия в семье//Правоведение. 1997. З.С. 110-114.
74. https://kodeksy-by.com/koap_rb.htm
75. Купцова М. Кто кому вставляет шпильку [Электронный ресурс] // Интернетпортал Российской газеты: RG.ru. –М.: 2012 г.–URL: <https://rg.ru/2016/10/27/korrespondenty-rg-o-tom-kak-zarubezhomboriutsia-s-semejnym-nasiliem.html>.
76. <https://rg.ru>
77. Архипова А.С.:«Международный опыт противодействия семейному насилию»<https://cyberleninka.ru/>
78. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
79. Форум «В Литве маму упразднили» от 06.03.2013 // <http://vserusskie.ru/group/topic/?id>
80. Модельное законодательство о насилии в семье // http://www.conventions.ru/view_base.phpid=642
81. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ кодексі.
82. ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі.
83. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 «Сот-сараптама органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерін ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы бұйрығы.
84. ҚР ПО туралы Заңы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>

85. Демидов Ю.Н., Васильев Ф.П., Кубышко В.Л., Свиначев В.В., Герасимов В.Н. Организация деятельности подразделений по делам несовершеннолетних: Учебное пособие /2009. -С. 142.
86. Симакина И.А. Совершенствование правового механизма выявления и устранения причин и условий, способствующих совершению административных правонарушений: автореф. Хабаровск, 2009. -23с.
87. Регламент межведомственного взаимодействия по выявлению семейного неблагополучия, организации работы с семьями, находящимися в социально-опасном положении(трудной жизненной ситуации): протокол No02-10 заседания межведомственной комиссии ООН по делам несовершеннолетних и защите их прав.
88. <http://zheleznovodsky.stv.sudrf.ru>; <http://grachevsky.stv.sudrf.ru>;
<http://lenincourt.oms.sudrf.ru>;<http://iskitimsky.nsk.sudrf.ru>;
89. Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы ПМ 2005 жылғы 11 ақпандағы №97 бұйрығы.
90. Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауы, 02.09.2019 ж.
<http://www.akorda.kz/>
91. Концепция развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006 -2011 годы // Казахстанская правда, 29 июля 2006 г.,N 183 (25154)
92. Сапаралиева С.М. Административно-правовые аспекты профилактики бытового насилия в Республике Казахстан //Vestnik KazNPU. — 2010.
<https://articlekz.com/article/10461>
93. Йонаш В.В. Меры административного пресечения как вид административного принуждения: Саратов, 2006. -С.14
94. Агеенкова Г.Т. Меры административного пресечения: дис.-М.,1982. -С.8.
95. Попов Л.Л. Убеждение и принуждение... С. 13.

96. Послание Президента Республики Казахстан К-Ж.К. Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2020 г. «Казахстан в новой реальности: время действий» // ИС «Юрист-Параграф». [www. http://online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
97. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности местной полицейской службы» от 2 ноября 2015 г. № 388-V З РК // ИС «Юрист- Параграф». [www.http://online.zakon.kz](http://online.zakon.kz). (жүгіну күні 27.12.2021)
98. Закон Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» от 29 апреля 2010 г. № 271-IV З РК [www.http://online.zakon.kz](http://online.zakon.kz). (жүгіну күні 13.10.2021)
99. Закон Республики Казахстан «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности» от 9 июля 2004 г. № 591 ([www.http://online.zakon.kz](http://online.zakon.kz). (жүгіну күні 23.11.2021)
100. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының № Нормативтік қаулысы 2016 жылғы «__» желтоқсан Астана қаласы Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы
101. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисі <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/MainMenu>
102. Алексеев С.С. Механизм правового регулирования в социалистическом государстве / Алексеев С.С. -М.: Юридическая литература, 1966. -187 с.
103. Сапун В.А.Теория правовых средств и механизм реализации права: Н. Новгород, 2002. -С. 47-60
104. Пугинский Б.И. Гражданско-правовые средств в хозяйственных отношениях/ Пугинский Б.Н. -М.: Юридическая литература, 1984. -С. 107.